16. Tajik-Russian dictionary. Moscow, 1954. - 789s.
17. Koblandy batyr-Almaty: 1957. - 186b.
18. Male Targyn. - Almaty: 1957. - 80B.
19. Bekmukhametov E. B. Arabic-Persian words in the Kazakh language. - Almaty: 1977 – - 199b.

Тарих пәнінің мұғалімі Әділхан Динура
Экология ғылымдарының кандидаты Бейсекенова Жанар Сарсембековна
Алматы қаласының жоғары медициналық училищесі Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Халықаралық туризм - бұл өте күрделі және сирек кездесетін құбылыс. Бәрімізге белгілі, мемлекеттің сыртқы экономикалық байланысы айырбастың әр түрлі формалары арқылы іске асады; аманат кассасындағы ақша, шетелдік салымдар, халықтардың көшіп-қонуы, мәдениет төңірегіндегі айырбас, сауда қызмет көрсету және тағы басқалар. Халықаралық туризм - қазіргі кезеңде мемлекеттердің ішкі және сыртқы экономикалық-әлеуметтік дамуы мен әлемдік экономиканың, сыртқы сауда, халықаралық қатынастардың нығаюына әсер етеді. Сыртқы экономикалық байланыстар, шетелдік инвестиция, миграция, қаржы саласы, сауда, мәдени-тарихи байланыстар, бір-бірімен іс-тәжірибе алмасу арқылы жүзеге асырлады. Кез-келген мемлекеттің ішкі және сыртқы экономикалық дамуы мемлекеттің қаржы айналымы мен сауда қатынастарына байланысы айқындалады. Халықаралық туризм туристік іс-әрекеттің жан-жақты салаларының дамуы мен ерекшеленеді. Халықаралық рынокта туристік қызмет түрлерінің сұранысқа ие болуы, ондағы қызмет түрлерінің (тамақтану, қону, экскурсиялық іс-әрекеттердің) әлемдік деңгейге сәйкес болуы халықаралық туризмнің дамуын айқындайды. Қазіргі уақытта халықаралық туризмді ұйымдастырудың жаңа формалары қалыптасты. Туристік фирмалар мен тур агенстволардың қызметінің бәсекелестігі мен көлік қызметінің дамуы, жарнамалық және ақпараттық іс-әрекеттің сұранысқа сәйкес болуы қамтылды. Халықаралық туризм халықаралық қатынастардың бір саласы болғанымен сыртқы экономикалық байланыста өзіне тән өзгешелік пен ерекшеленеді. Туризм дамыған аймақтағы туристік рекреациялық ресурстар экономикалық-әлеуметтік тұрғыдан маңызды деп саналады.

Кілт сөздер: Халықаралық туризм, Жібек жолы, туристік фирма, халықаралық қатынастар, миграция.

THE IMPACT OF THE GREAT SILK ROAD ON TOURISM DEVELOPMENT**History teacher Adilkhan Dinura****Candidate of Ecological Sciences Beisekenova Zhanar Sarsembekovna**

The higher medical college of the city of Almaty, Kazakhstan

Abstract: International tourism is a very complex and rare phenomenon. As we all know, the Foreign Economic Relations of the state are realized through various forms of exchange; money in the cash register of the Amanat, foreign investments, migration of peoples, exchange around culture, trade services and much more. International tourism-at the present stage, it affects the domestic and foreign economic and social development of states and the strengthening of the world economy, foreign trade, and international relations. It is carried out through foreign economic relations, foreign investment, migration, financial sphere, trade, cultural and historical ties, exchange of experience with each other. The internal and external economic development of any state is determined by the relationship of the state to financial turnover and trade relations. International tourism is distinguished by the development and development of comprehensive areas of tourist activity. The demand for types of tourist services on the international market, the compliance of their types of activities (food, boarding, excursion activities) with the world level determine the development of international tourism. Currently, new forms of International Tourism Organization have been formed. Competition in the activities of travel agencies and tour agencies and the development of transport services, compliance with the requirements of advertising and information activities were covered. Although international tourism is one of the branches of international relations, it has its own peculiarities and distinctive features in foreign economic relations. Tourist and recreational resources in the region where tourism is developed are considered economically and socially significant.

34

Keywords: international tourism, Silk Road, travel agency, International Relations, migration.

Туризм әлемдік экономикада маңызды орын атқарады. Дүниежүзілік туристік Ұйымның (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11% пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді. Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша ХХІ ғасырда туристік индустрияның өсуі артады және 2020 жылы әлемдегі туристік саяхаттардың саны бірнеше есе артады.

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. 1999 жылы халықаралық туризмнің үлесі экспортқа шығарылатын дүниежүзілік табыстың 8% пайызын, қызмет көрсету секторы экспортының 37% пайызын құрады. Туризмнен түскен табыс мұнай, мұнай өнімдері және автомобиль экспортының табысынан кейін тұрақты үшінші орында келеді.

Туризм мемлекеттің экономикалық аудандарына белсенді әсер етеді. Туризм саласы қызмет көрсету, жол көлігі, сауда, коммуналдық – тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуді дамытумен және әлеуметтік жағдайларды дамытумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда туризм әлемдік экономикада басты орында және әлемдегі ең пайда көп түсіретін бизнес түріне жатады. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған жылдардан бастап туризмді дамыту жұмыстары жандануда. 1991 ж ҚР Президентінің еліміздегі туристік ұйымдардың жұмысын реттеу туралы «Туризм, дене шынықтыру және спорт Министрлігін құру туралы» үкім шығарып 1992ж «Туризм туралы» Заңы қабылданды. 1993ж ДТҰ мүше болып қабылданды. Осыдан бастап Қазақстан әлемдік туристік қоғамдастықтың бір бөлігіне айналды, яғни халықаралық туризмді дамытудың жолы ашылды. 1994ж қазан айында дүниежүзілік туризм ұйымының Ташкенттегі мәжіліс жұмысына Қазақстан мүше ретінде қатынасты. Осы кезеңнен бастап елімізде сыртқы туризм дами бастады. 1997 жылы «Қазақстан Республикасында Ұлы-Жібек жолындағы туризмнің инфрақұрылымын дамыту бойынша Бүкіләлемдік Туристік Ұйым мен ЮНЕСКО жобасын, түркі тілдес мемлекет басшыларының Ташкент декларациясын жүзеге асыру туралы» және 1998 жылдың 27 ақпанында «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау» атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы қабылданған Жарлықтары халықаралық туризмді дамытуда маңызды рөл атқарды. Сонымен бірге еліміздегі туристік қызмет инфрақұрылымын дамыту мен тарихи қалаларды жаңарту, тарихи мұраларды жандандыру бойынша ғылыми және өндірістік әлеуеттерді біріктіру, жеке тұлғалар мен ұйымдардың өзара әрекетін қамтамасыз етуін анықтау бағытында жұмыстар «Жібек жолы - Қазақстан» Ұлттық ашық акционерлік компаниясына міндеттелген болатын. Осыған байланысты елімізде туризмді дамытудың барлық бағыттары қамтылды. Қытайдан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықта Еуразияны кесіп өткен Ұлы Жібек керуен жолының Қазақстан үшін орны ерекше.

Еуразия мен Оңтүстік Шығыс Азия елдері арасында сауда-саттық, мәдени байланыс орнатуда ұзақ уақыт қызмет еткен керуен жолы тарихи экономикалық, мәдени, коммуникациялық кешендерінің саяси-экономикалық өсуіне әсер етті. Ұлы Жібек жолының 1700 шақырымдық Қазақстандық бөлігін Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Түркістан, Тараз, Алматы қалалары алып жатыр. 1952 жылы ВЦСПС-тың қаулысымен Орталық Азия туристік-экскурсиялық басқармасы ұйымдастырылып алғашқы туристік бағыттар ретінде Ұлы Жібек жолының пайда болуы және өркендеуі 1950 жылдан басталды. Бұрынғы елді мекендердің орнында пайда болған орта ғасырлық Хурлук, Турбат, Испиджаб, Кулан, Меркі, Талхиз, Жаркент қалалары және қазіргі күндері қалпына келтіріліп жатқан туристік кешендер Ұлы Жібек жолы туризмінің дамуында маңызды нысандар ретінде айқындалды.

ВЦСПС-тің «Туризмді одан әрі дамыту» туралы 1962 жылғы шілдеде № 17 қаулысымен Орталық Азия туристік-экскурсиялық басқарма таратылып, оның орнына «Казтурсовет» яғни Қазақ мемлекеттік туристік-экскурсия басқармасы пайда болды. Қазақстандағы туризмді дамыту бағыты бойынша Казтурсовет: жалпы бөлім, туризмді насихаттау комиссиясы, жастар туризмі, ұйымдастыру, методикалық-жоспарлы экскурсиялық бөлімі жұмыстарын жандандырды.

1975 жылы Кеңес Одағында ұйымдастырылған турдың басшысы Американың Вашингтон қаласының халыққа білім беру ұлттық ассоциациясының докторы Адриан Плэнт: *« Алматы және оның айналасындағы әсем тарихи ескерткіштері Ұлы Жібек жолы атанған керуен жолына тікелей өз ықпалын тигізеді. Сіздің қалаңыз келешек тарихта лайықты орын алады».*

Қазақстан мен Орталық Азияның ішкі және халықаралық туризмді дамыту туралы Ыстық көл, Бұхара, Самарқан, Хива, Ташкент, Шахриябз, тау шаңғысы, Алматы курорты және басқаларға келіп демалушылар санының көбеюіне байланысты Орталық Азия мен Қазақстанның туризм мүмкіншілігі 1980 жылы «КСРО-да ішкі туризмді дамыту туралы» Концепсиясында есепке алынды.

Осы уақыт аралығында Қазақстанда туризмді дамыту туралы көптеген шаралар қолға алынды. Негізгі фондтарды, материалдық-қаржылық ресурстарды, материалдық базаны тиімді пайдалану арқылы шет ел туристеріне қызмет көрсету сапасын жақсарту болды. Қазақстан 60 туристік зонаға бөлініп 2005 жылға дейін барлық жоспарларды іске асыру белгіленді. Бұл Ұлы Жібек жолының туристік саласын игеруде негізгі өзегі болды. Туристерге қызмет көрсетуді жақсарту үшін білгір мамандар берілді.

Бұл халықаралық байланысты дамытуда өте маңызды еді. XX ғасырда Түркістан-Сібір темір жолы, автожол, әуе жолы туризмді дамытуға елеулі үлес қосты. Ресей, Литва, Латвия, Эстония, Молдавия елдерінің мекемелері жұмыскерлеріне жыл сайын 7-9 рет «Достық» атты туристік поезд ұйымдастырылды. Бұл Алматыдан Фрунзе, Ташкент, Самарқан, Бұхара, Хива, Үргеніш, Ферғана, Душанбе, Ашхабад қалаларын аралап танысуға мүмкіндік берді.

1986 жылдан бастап әр қилы мекемелерге шет ел туристік қызмет саласын ұлғайту және жақсарту, әсіресе Ұлы Жібек жолының Қазақстан-Қытай бөлігінде жақсы нәтижесін берді. Бұл Қытаймен қарым-қатынасты жақсартты. Шетел туристерін Ұлы Жібек жолы бойында қабылдау Мемлекеттік институт комитеті мен Дат туристік фирмасы «Янус-Трэвэл» қатысуымен 1987 жылдан басталды. Туристік қызмет көрсету Алматыда, Жаркентте және Қытайда болды. Казтурсовет 1988 жылы Швеция мен Даниядан екі группа туристік топ қабылдады. Оларға Қытай Халық Республикасы Синьцзян Ұйғыр автономиялық ауданы мен Пекин және Сібір мен Монғолияның қалаларын саяхаттау турлары ұйымдастырылды.

Туристік поезд маршруты 1970 жылдардағы ұйымдастыру тәжірибесі аясында жыл сайын 7-9 рет жоспарлы түрде Алматыдан «Достық туристік поезды » жастар мен еңбекшілерді одақтас республика астаналарына барып танысуға мүмкіндік берді және олардың Делегациясы Фрунзе-Ташкент-Үргеніш-Ферғана-Самарқан-Бұхара-Душанбе-Ашхабад қалаларымен танысуда маңызды үлес қосты.

Парижде ЮНЕСКО-ның 24-ші конференциясында Халықаралық Ұлы Жібек жолын көлемді түрде оқып білуге арналған жоба қабылданды. ЮНЕСКО тарапынан 1990 жылы екі ғылыми тарихи-археологиялық экспедиция ұйымдастырылды:

Біріншісі: Солтүстік Осетиядан Батыс Еуропаға (Скандинавия, Германия, Франция, Ирландия, Испания, Италия).

Екіншісі: Солтүстік Осетия Ғылыми зерттеу институтының филология ғылымының докторы Гудиевтің басшылығымен Азия елдеріне (Қазақстан, Орта Азия, Қытай, Индия, Иран, Ауғаныстан; Жапония). 1990 жылы пайда болған Казинтурсервис континентаралық саяхат ұйымдастыруды жоспарлады. Олар Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея компанияларымен келісім шартқа отырды. Бұл жоспарға Украина, Өзбекстан, Балтық жағалауы елдері, АҚШ, Автоклуб Еуропа, Спорттюгендс ФРГ қызығушылық білдірді. Негізгі сала: шөлдала мен тауды атпен, түйемен кесіп өту. Ұлы Жібек жолының туристік маңызы КСРО тарағаннан кейін де Қазақстанда жалғасын табуда.

Қазақстанның геосаяси орналасу жағдайы дүниежүзілік өндірісі дамыған Еуразия елдерін құрлықаралық байланыс шеңберіне қатысуға септігін тигізді. Оның аймағынан өткен жол қаржы көзіне жол ашты.

1994 жылы Бүкіләлемдік туристік ұйымы мен ЮНЕСКО Ташкентте мамандардың кездесуі болды, бұл Ұлы Жібек жолының жандануы мен қайта өңдеу жұмыстарына арналды. Бұл кеңесте Қазақстаннан «Жібек жолы» атты компания қатысты. 1996 жылы 21 қазанда Ташкентте Азербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан республикаларының президенттерінің қол қойған Декларациясы нәтижесінде туризмді дамытудың жаңа баспалдағы қалыптасты.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Түркі тілдер мемлекеттер басшыларының Ташкент Декларациясын» жүзеге асыру, ЮНЕСКО жобасы және Бүкіләлемдік туристік ұйымының Қазақстан республикасында Жібек жолы туризмінің инфрақұрылымын дамыту туралы № 3476 1997 жылғы 30 сәуірдегі бұйрығымен туристік қызметтің және материалдық-техникалық базасын өркендетудің анық жобасы белгіленді. Елімізде Ұлы Жібек жолының инфрақұрылымын нығайту туралы жоспары талқыланды. Қазақстанда және басқа ЮНЕСКО жобасына қатысушы

елдерде туризмді дамытуда міндеттерді бөлісу, қажетті маршруттарды айқындау мүмкіндігін айқындады.

Қорыта айтқанда Қазақстандағы халықаралық туризмнің даму болашағын айқындау Ұлы Жібек жолы туризмінің дамуымен тығыз байланысты. Еліміздегі халықаралық туризм салаларын жан-жақты дамыту арқылы қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, ұлттық экологиялық және экономикалық мәселелерді шешу мүмкіншіліктері артады. Халықаралық туризмді дамыту арқылы еліміздің табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті - рекреациялық аймақтарын қорғаймыз, туризм аймақтарға бөлу арқылы рекреациялық ресурстарымызды қорғау жұмыстарын жандандырамыз. Еліміздегі туризмді дамыту арқылы экономикалық жағдайымызды жақсартамыз, әлемдік деңгейдегі мәртебемізді айқындаймыз, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекеттер қатарында боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.
2. Ердаuletов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы: Атамұра,2000.
3. Ердаuletов С.Р. Основы географии туризма: Учебное пособие. Алма-Ата : КазГУ, 1991.
4. Мироненко Н.С.Твердохлебов И.Т. Рекреационная география. Москва.,1981.
5. Пирожник И.И. Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания. Минск Университетское, 1985.
6. Теоретические основы рекреационной географии/Под ред. В.С.Преображенского.М.:Наука, 1975.
- 7.Е.А.Котляров. География отдыха туризма. М.Мысль.1978г.
- 8.В.И.Азар. Экономика и география туризма. МГУ.1975г.
- 9.С.Р.Ердаuletов.Проблемы и перспективы казахстанского туризма.Алматы,1997г
- 10.С.Р.Ердаuletов. История туризма, развитие и научное изучение.Алматы.2003г.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ DAҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Жазу – ойлаудың шырқау биігі

Нурбаева Базаркуль Жанбырбаевна, Турлыбекова Раушан Ерсайиновна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

Қазақстан, Алматы

«Ораз Жандосов атындағы №105 гимназия» КММ-сі

Түйіндеме: Мақалада жазылым дағдысына қатысты тілдік деректер және жазылым үдерісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты ұсыныстар берілген, нәтижеге бағытталған жұмыста оқушының ішкі уәжін оятатын тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерге жан-жақты талдау жасалынған.

Қазақстандағы орта білім беру деңгейіндегі 10-11-сыныпта «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған бағдарламада жазылым дағдысы ерекше орын алады. Оқушылардың жазылым дағдысын дамытуда мұғаліммен бірлесе және жеке орындаған жұмыстарына сілтемелер дәлел ретінде берілген.

Мұғалім тарапынан жұмыс түріне сәйкес әдіс-тәсілді таңдау маңыздылығы қарастырылған. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру – сауатты жазу дағдыларын нәтижелі түрде дамытудың бірден-бір жолы. Педагогикалық әдіс-тәсілдерді орынды қолдану мәселесі өзге тілде жазылым дағдысын үйретудегі негізгі факторлардың бірі. екені нақтыланады.

Кілт сөздер: тиімді әдіс-тәсілдер, жазылым дағдысы, дамыту, орынды қолдану, негізгі мәселе, жұмысты ұйымдастыру, жүйелі жұмыс, стильдік ерекшеліктер, заманауи әдіс, ойлаумен байланысты

EFFECTIVE METHODS AND TECHNIQUES FOR DEVELOPING WRITING SKILLS OF SCHOOLCHILDREN

Nurbaeva Bazarkul Zhanbyrbaevna

Turlybekova Raushan Ersainovna

Kazakh language and literature teachers

Almaty, Kazakhstani Municipal State Institution

«Gymnasium No. 105 named after Oraz Zhandosov»

Abstract: The article provides information about the writing skill and suggestions related to the correct organization of the writing process. Effective, interesting, innovative methods and techniques, that awaken motivation of the student during the working process aimed at results, are considered in the article.

In the updated curriculum of 10-11 grades of secondary schools in Kazakhstan, writing skills take a special place. As a proof, authors provided excerpts from students' works that were written under the guidance of a teacher and independently.

The article is focused on the importance of the teacher's correct choice of methods and techniques for the development of writing skills. It also tells about students' familiarity with the educational level indicated in the curriculum.

Showing the collected and analyzed effective methods for the development of writing skills for high school students. Emphasizing the importance of choosing methods and techniques in accordance with the types of assignments.

Formation of critical thinking for students is one of the most effective ways to develop writing skills. The problem of the appropriate use of pedagogical methods and techniques is one of the main factors in language teaching. In the process of teaching writing skills in a non-native language, the use of modern technologies and interactive forms and methods is determined.

Key words: effective methods and techniques, writing skills, develop, to use according to the type of work, the main problem, organize the work, systematic work, style features, modern method, thinking related

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді үйрету мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Бұл мәселені шешудің басым бөлігі мектеп ұстаздарына жүктелген.

Орыс мектептерінің 1-11-сыныптарында «қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мемлекеттік тіл ретінде аптасына 2-5 сағаттан жүргізіледі. Айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдылары арқылы оқушылар мемлекеттік тілді ұсынылған деңгейде меңгеріп, үйреніп жатыр.

Әлемде тіл үйрену/үйрету практикасы кең тараған. Қазіргі заманда тілді меңгеру жаңа деңгейге шықты. Заманауи талаптар бойынша тіл жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл, ұлттық құндылықтарды түсінетін жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі талаптарға сай оқушыға тіл үйрету барысында мұғалім тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсіндіріп, оқушының ойлау және танымдық қабілеттерін дамытып, оның коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдануға және өзгелермен еркін қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Қазақстан Республикасындағы оқыту қазақ тілінде емес мектептерде «қазақ тілі» және «әдебиет» пәндері 5-сыныптан 11-сыныпқа дейін жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша «қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пән ретінде оқытылады.

Қазақстандағы орта білім беру деңгейіндегі 10-11-сыныпта «қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» деңгейлерін (B2) негізге ала отырып, айқындалған. 2020-2021 оқу жылына арналған Әдістемелік - нұсқаулық хатта «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытудың мақсаты – білім алушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін кіріктіріп оқу арқылы оқушылар:

- сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытады;
- тілдің қоғамдық – әлеуметтік қызметін түсінеді;
- ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады;
- коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдануды және өзгелермен еркін қарым-қатынас жасауды үйренеді;
- қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, пәнге қызығушылығын арттырады.

10-11-сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Жоғары сынып оқушылары тілдік дағдыларын дамытады, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйреніп, мемлекеттік тілді қадірлейтін, оның қоғамдық мәнін түсінетін тұлға болып қалыптасады.

Оқыту мақсаттарын басшылыққа алып, мұғалімдер оқушының сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды.

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым;
- 5) тілдік бағдар

Осы бес бөлімнің ішіндегі күрделісі – **жазылым дағдысы**.

Жазылым төрт дағдының ішінде оқушының жетістіктерін көрсететін, мұғалім еңбегінің жемісін көретін дағды болып табылады. «Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Жазылым – ұзақ уақытты, оқушылардың жоғары мотивациясын қажет ететін, бірте-бірте қалыптасатын күрделі процесс. Сондықтан жазылым дағдысын қалыптастыру кезінде

мұғалім оқушының психологиялық, физиологиялық және жас ерекшеліктерін назарда ұстауы керек.

Жазылым келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) мәліметтерді жинақтау;
- 2) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
- 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
- 4) орфография және пунктуация;
- 5) эссе жазу;

Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор оқылым арқылы қалыптасады. Оқушы жазғанда ойланып, сөздік қорынан тақырыпқа қатысты орынды сөздерді іздестіреді, оларды сөйлемге қиюластырады. Сөйлемдер арқылы **пікір, дәлел, тұжырым жазуға үйренеді**. Осылайша, өз ойын дәйекті ұтымды жаза бастайды.

Жазу – ойды тілге аударушы.. Жазба жұмысы тіл үйренушінің ойлау жүйесін дамытады, оның есте сақтау қабілетін жетілдіреді, шығармашылық көзқарасын кеңейтеді.

Жазылым дағдысын дамыту барысында мұғалімді **«Жақсы нәтижеге жету үшін жұмысты қалай ұйымдастырамын? Қандай әдіс-тәсілдер тиімдірек болады?»** деген сұрақтар мазалайды. Әрине, біз оқушының жазылым жұмысынан ерекше ой мен тың идеялардың көрініс табуын күтеміз. Ондай нәтиже тікелей жазылымға дейінгі орындалған жұмыстардың қорытындысынан шығатыны белгілі. Оқушы жазылым жұмысын осыған дейінгі жинаған ақпараттары мен сөздік қорын қолданып жазады. Сөздік қор оқылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттері арқылы қалыптасатыны айдан анық. Оның дәлелі ретінде ағылшын сыншысы Сэмюэл Джонсонның мына сөздері: «Көп оқитын адам ғана жақсы жаза алады».

Жазылым жұмыстарын ұйымдастыру үшін оқушыларға жазылатын жұмыстың формасына, сөйлемдердің мазмұн-мағынасына, жұмыстың жүйелі болуына ерекше мән беру керек екендігін түсіндірген дұрыс. Және жұмыс жазылымды жоспарлау, мәлімет жинау, алғашқы нұсқаны жазу, қайта жазу және оны түзету сияқты үдерістерге толы болатынын оқушы түсінуі керек.

Сонымен қатар, жұмыстың бағалау критерийлерін оқушылармен бірге талқылаған жөн болар. Жазылым жұмысын оқушының неғұрлым байыппен ойлануына мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру керек. Себебі, жазылым дағдысының баланы тақырыпты аша білуге, грамматикалық сауаттылыққа, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеп үйренуге, қорытынды шешім шығаруға, ойын өмірмен байланыстырып, өз көзқарасын білдіруге бағытталатынын ескерген мұғалім мен оқушының жұмысы нәтижелі болады. Жұмыстың

нәтижелі болуының бірден-бір жолы - инновациялық әдіс-тәсілдер. Оқушының құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдануымыз қажет. Жазылымның мақсатына жетуде әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін қарастырып, пайдаланамыз. Әдіс-тәсілдерді таңдау жазылым жұмысының түріне байланысты.

Мазмұны мен мақсатына қарай жазба жұмыстарының 4 түрі бар: дербес, нанымды, ақпараттық, шығармашылық.

10-11-сыныптарда көбінесе нанымды және дербес жазылым (рецензия, ашық хат, комментарий, эссе, жарнама, өмірбаян, күнделік, монолог, пікір, аннотация) жұмыстарын дамытамыз.

Нанымды жазылым – нақты тақырып бойынша айқын пікір айтатын, дәлелдер мен себептері логикалық тәртіппен беріліп, негізделетін, сөздік қор көбірек қолданылатын жазылым түрі.

Дербес жазылым – жазушының жеке тәжірибесі мен сезімін көрсететін, бірінші жақты көзқарасты қолданатын, баяндауы қызықты, құрылымды болып келетін, оқиғаның логикалық жүйесі болатын, ауысу тәртібі байыппен баяндалатын жазылым түрі.

Жоғары сынып оқушысын өз бетінше жазылымға алып келу үшін мұғалім жаңа сөздерді назардан тыс қалдырмай, тіркестерді таңдауға, құрмалас сөйлемдерді қолдануға, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс байланыстыруға, көркемдеуіш құралдарды пайдалануға қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар береді.

Заманауи әдістемеде жоғары сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытатын жұмыс түрінің бірі – эссе. **Эссе** – адамның субъективті пікірі, ойтолғанысы, көзқарасы еркін түрде жазылатын әдеби жанрдың бір түрі. Эссе жазудың мақсаты – оқушының шығармашылық ойлау дағдысын жетілдіру. Эссе жазу кезінде жоспар құрылмайды, бірақ белгілі бір құрылым сақталады және логикалық тізбек болуы шарт. Жазылым жұмысының алдында оқушыға эссе жазудың жалпылама критерийлері беріледі:

- Ойдың жинақы, нақты, анық болуы;
- Аргументтер мен мысалдар арқылы ойды дәлелдеу;
- Өз пікірін білдіру;
- Эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданылуы;
- Эссе форматы 200-250 сөзді құрауы керек.

Эссе жазу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу барысында «ПОПС», «Ақпаратты іріктеу кестесі», «Алты қалпақ», «Кластер», «Фишбоун» әдіс-тәсілдерін қолдануға болады. «Фишбоун» әдісінің ерекшелігі жаңа ақпараттар мен идеяларды сұрақтарға жауап беру арқылы жаза отырып, оқушылардың ойларын жинақтауға қолданады. Бұл әдіс берілген

мәліметтер бойынша сұрақ қойып, жауабын топта талқылап, ой қорытуға, белгілі бір шешімге келуге жетелейді.

Мысалы, 11-сыныпта «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбына аргументті эссе жазуға дайындық кезеңінде сыныпты 3 топқа бөліп, «**Фишбоун**» әдісі бойынша әр топқа балықтың қаңқасы салынған постер беріледі. Балықтың басына әр топ тақырыпқа қатысты 4-5 сөйлемнен тұратын идеялар жазады. Жоғарғы қанаттарына идеялардың себептерін, төменгі қанаттарына өмірмен байланысы бар фактілер жазады. Түйінді ойды оқушылар балықтың құйрығына жазады. Әр топ өз жұмыстарын ортаға салып, сынып болып эссе тақырыбы төңірегінде ой бөліседі.

Талқылау барысында «Әр адамның өз ана тілі- өзіне мақтаныш », «Тілі жоқ халық мемлекет те бола алмайды», «Мемлекеттің әрбір азаматы мемлекеттік тілді білуі керек.», «Елін сүйген адам тілін де жақсы көреді» , «Заманға сай болу үшін бірнеше тілді меңгерген дұрыс» деген **идеялар** айтылды. Топтық жұмыс кезінде «Неғұрлым көп тіл білсең, мүмкіндіктерің көбейе түседі», «Заңмен бекітілген мемлекеттік тіл өмірдің барлық салаласында қолданылады», «Тек тіл арқылы сол елдің салт-дәстүрін, тарихы мен мәдениетін тани аласың», «Мемлекет болудың басты талаптарының бірі – халықтың тілі» деген **себептер** жазылыпты. Балалар өмірмен байланысты мынадай **фактілерді** келтірген екен: «Телевидение саласында мемлекеттік тілде бағдарлама жүргізетін түрлі ұлт өкілдері көп. Мысалы, Майя Веронская, Анна Данченко, Игорь Сахар.», «Сенат жиналыстарының қазақ тілінде жүргізілуі – жақсы бастама», «Барлық білім беру ұйымдарында мемлекеттік тіл оқытылады», «Көптілділік шетелде жоғары білім алуға көмектеседі». Нәтижесінде оқушылар мемлекеттік тілге қатысты түйінді ойларын шығармашылықпен әсерлі жазып шықты.

Эссе жазудың тағы бір қолайлы тәсілі - «**Ақпаратты іріктеу кестесі**».

Тақырып төңірегіндегі сұрақтар	
Аргументтер мен мысалдар	
Эмоционалды-экспрессивті сөздер	
Пікір	
Тұжырым	

10- сыныптарға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарда «**Баспасөз парағы**» сияқты жазылым түрі берілген: Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, баспасөз парағын жазу деген мақсат қойылған.

Баспасөз жанрларын 3 топқа бөлуге болады: **ақпаратты, талдамалы, көркем-публицистикалық**. Баспасөз парағы ақпаратты жанрға жатады. Белгілі бір оқиға туралы

оқырманды хабардар етіп, нақты оқиға жайында деректер мен мәліметтерді баяндайды, жаңалықтар мен өзгерістерді оқырман қауымға қаз-қалпында жеткізуге тырысады.

Баспасөз парағын жазу үшін қандай әдістер тиімді?

«Детектив», «Пазл», «Қатесін тап», «Төрт сөйлем», «ПОПС» әдістерін пайдаланған тиімді. 10-сыныпта «Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар» бөліміндегі Қайнар Олжайдың «Жер мен аспан арасындағы дастан» атты экологиялық очерктері бойынша баспасөз парағын жазу берілген. Осы жұмысты жазу үшін балалар шығармамен танысып, бірнеше очеркті оқиды. Нәтиже сабақ кезінде сыныптағы оқушыларды топтарға бөліп, «Детектив» әдісін қолдана отырып, баспасөз парағын жазуға кірісеміз. Бұл жұмыс жазылымның күрделі формаларының бірі болғандықтан, мұғалім жетекшілігімен орындалады.

«Детектив» әдісі:

- мұғалім тақырыпқа қатысты түрлі сұрақтар жазылған қима қағаздарды топтарға таратып береді (*Шығарма қашан жазылған? Кітапта қандай очерктер бар? Экология саласындағы қандай мәселелер көтерілген? Қандай елдердің экологиялық жағдайы туралы айтылады? Автор еліміздегі экологиялық жағдайды қалай көрсеткен? Ғылым мен білімінің дамуы қандай жағдайда зиянын тигізеді?*)

- Берілген сұрақтарға жауап жазу арқылы баспасөз парағының кіріспе бөлімін дайындайды;

- Негізгі бөлімді жазу үшін мұғалім топтарға алдын ала дайындалған тірек сөздер мен сөз тіркестерін береді (*пластик қалдықтарының кесірінен, жерді улап жатыр, зиянды заттар бөлінеді, табиғи шикізаттан жасалған, шынай өмірден алынған, заманауи құрылғылар*). Осы баспасөз парағының негізгі бөлімінде оқушылар тірек сөздер арқылы шығармадағы авторлық ойларды сараптайды, очерктерде берілген деректер мен мәліметтерді мысал ретінде келтіреді.

- Жұмыстың қорытынды бөлімін жазу үшін очерктердегі ойлардың жаңашылдығы мен өзектілігін анықтайды. Бұл кезеңде топтарға алдын ала дайындалған, сөздері «түсіп қалған» сөйлемдер беріледі (Мысалы, Автор ғаламдық ... біздің даламызға ортақ екенін ... ; Кейбір елдерде құрылыс тапшылығы сезілмейді, себебі пластик ... ерітіп, үйлер құрастырады), баспасөз парағының соңына оқушылар сөйлемдерге қатысты өз пікірлерін жазады.

Публицистикалық стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тұлға туралы **шағын мақала** жазу мақсатында «Редактор», «Биопозма» әдісін қолданамыз.

«Биопозма» әдісі - ақпарат жинақтау әдісі. Белгілі бір тұлға туралы мәліметтерді жинақтау үшін оқушыларға төмендегідей сұрақтар беріледі:

1. Аты-жөні кім?
2. Тұлғаны сипаттайтын 5 сын есім жаз.
3. Оның сүйікті ісі қандай?
4. Өмірлік ұстанымдары қандай?
5. Тұлға туралы сенің ойың қандай?
6. Сен оған қандай тілек жазар едің?

«Биопоэма» әдісіндегі сұрақтарды мақаланың тақырыбына қарай өзгертіп отыруға болады.

10-сынып бағадарламасында «Жастардың денсаулығы – қоғам байлығы» бөлімі бойынша Б.Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион» әңгімесін оқимыз. Бұл бөлімде денсаулық, спорт және саламатты өмір салты туралы тақырыптар қамтылады. Бөлімнің нәтиже сабағында оқушыларға **мақала** жазу ұсынылады. Балалар мақалада өз сыныптастары, достары арасындағы жас спортшылар, «он алты жасар чемпиондар» туралы жазу керек. Сыныпта мақала жазудың соңғы кезеңінде «**Редактор**» әдісін қолданып, оқушыларды жұптарға бөлеміз. Мақала мәтіндерін редакциялау мақсатымен оқушылар жұпта жұмыс жасап, мақаланың сауаттылығына, стиліне мән беріп, бірін-бірі тексереді.

Үздік жазылған мақалаларды гимназиямызда ай сайын шығып тұратын «Три этажа» журналына жариялаймыз деп ұйғардық. Сөйтіп, журналдың өткен сандарында Тохтасунова Самираның, Карманова Мадинаның, Сапарғали Нұржанның мақалалары жарық көрді. Аталған оқушылар ізденімпаздық танытып, спортшы-сыныптастары Узурова Карина, Сухарев Павел, Цычуева Наталья жайында қызықты ақпараттар жинақтады және олардың мәнерлеп сырғанауға, биіктіктен суға секіруге, балдық-спорттық биге қосқан елеулі үлестерін мақтанышпен көрсетті. Жас тілшілердің жұмыстарынан кәсіби түрде спортпен шұғылданып жүрген жасөспірімдердің өмірлік ұстанымдарын, спорттағы жетістіктерін, тұлғалық сипаттарын көруге болады. Бұл жұмыс барлық оқушыларды шабыттандыра түсті, ал жас спортшылардың өз қабілеттеріне деген сенімдерін одан әрі арттырды.

Жоғары сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытатын кең тараған жұмыстың бір түрі – пікір жазу.

21 ғасыр адамдарына сыни тұрғыдан ойлау, өз пікірін білдіре алу - құнды дағды. Сондықтан оқушыларды пікір жазуға үйрету қазіргі мектептегі басты талаптардың бірі. Пікір тек хабарлы сөйлеммен баяндалады. Пікір – ойлар желісі. Алайда оқушының бәрі өз ойын дәл жеткізіп бере алмайды. Ойлау дағдысын дамыту жазылым дағдысын жетілдіреді және оның сапасын жақсартады. Ал, керісінше, балаға өз пікірін жазғызып үйретсеңіз, жүйелі түрде ойлау қабілеттері де дами түсуі ықтимал. Пікір жазуды үйретуде мынадай

әдістерді қолдануға болады: **«ПОПС»**, **«Төрт сөйлем»** , **«Т» кестесі**, **«Негативті-позитивті»** , **«Бес саусақ»**, **«Ойшыл қалпақтар»**.

«ПОПС» әдісі ойды тұжырымдап, қорытуға көмектеседі. Бірінші сөйлемді «Менің ойымша,...» деп бастаймыз және оқушы тақырыпқа қатысты өзінің негізгі ойын бір сөйлеммен жазады. Екінші сөйлем сол бірінші сөйлемдегі ойды түсіндіруі керек. Мұнда «Себебі...» деп басталатын сөйлем жазылып, ой түсіндіріледі. «Оны мен мынадай фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын» деп, оқушы үшінші сөйлемді жазуы керек. Үшінші сөйлем ішінде тақырыпты ашатын, кем дегенде, бір мысал немесе факті болуы керек. Төртінші сөйлемінде оқушы өз пікірінің қорытындысын жазады. «Осыған байланысты мен шешімге келдім» деген шаблон арқылы пікірін қорытындылайды. Бұл әдіс арқылы оқушыны ойын жүйелі түрде жазуға үйретеміз. Мысалы, **«Бүркітшілік –қазақ халқының бренді»** деген ойға өз **пікірін жазған** оқушы жұмысынан шағын үзінді: «Менің ойымша, бүркітшілік – қазақ мәдениетінің бұрыннан келе жатқан ажырамас бөлігі. Себебі бүркітшілік, құсбегілік – ата дәстүріміз, қазақ аңшылық өнерін бүркітшіліксіз елестету қиын. Мен бүркітшілікті мәдениетіміздің маңызды бөлігі ретінде қабылдаймын. Мысалы, Абылай хан 500-ге жуық бүркіт ұстаған екен. Қазіргі заманда бүркітшілік өнері шетелдіктерді тәнті етіп, біздің бай мәдениетімізге назар аудартады..Осыған байланысты мен бүркітшілікті қазақ халқының бренді болуға лайықты деп есептеймін».

Тіл оқыту әдіс-тәсілдері жетерлік. Солардың ішінен білім алушыларға мұғалімнің жетекшілігімен, өз бетінше жазу дағдыларын үйрету үшін әр жұмыс түріне қарай әдістерді бейімдеп, ыңғайландырып алғаныңыз жөн болар. Жазылым барысында бүкіл сезім мүшелері іске қосылады екен.

Жоғары сынып оқушыларының жазылым дағдысына неғұрлым дұрыс бағыт беріп, сабақтағы жұмыстың осы түріне көбірек мән берудің бір себебі - болашақта университет студенттері зерттеу жұмыстарын, курстық және дипломдық жұмыстар жазғанда осы мектептегі жазылым дағдысы «академиялық жазылымға» ұласады. Жазылым дағдысын жақсы меңгерген оқушы, ойы шындалып, оқуда қиналмайды.

Жаңа ұрпақтың спортшысы



Он алты жаста кәсіби спортта үлкен жетістіктерге жетуге бола ма? Әрине! Бұған Қазақстан Республикасының суға секіруден чемпионы, 10 «В» сыныбының оқушысы Сухарев Павел дәлел бола алады.

Толыз жасында Павел және оның інісі Олег ата-анасынан оларды суға секіруге шынықтыратын секцияға жазуды сұрады. Ол кезде Павел келешекте ие болатынын білді ме? «Әрине жоқ. Біз Олег «күміз жай уақыт өткізу үшін бардық», - деп жауап берді Павел. Өзінің бірінші шыңына Павел жарты жылдан кейін көтерілді. Сол кезде өткен жарыста ол он қатысушының арасында алтыншы болды. «Ол кезде мен Олегке қарағанда нашарлау секіретін

дім», - деп, еске алады Павел. Бірақ та Павелдің жаттықтырушысы Кенес ұдағының спорт шебері Ольга Васильевна оның дарындылығын байқады. Екі жыл өтпей ол республикалық жарыста өзінің қатарлары арасында үшінші орынға ие болды. Жаттықтыруын азайтпай Паша он төрт жаста спорт шеберіне кандидат дәрежесін алғаннан кейін, шетелге жарысқа баратын алды. Павел Өзбекстан, Украина, Белорусияда жарыстарға қатысып, 2 қола үлде алды. Үлкен жетістіктері үшін Павел 2012 жылғы спорт шебері әрекетін алып, Олимпиядалық резервке кіргізілді.

Павелдің қанжығасында 25 мадақтама қағазы және 5 медаль: 1 күміс және қола. Күміс жүлдені ересектер арасындағы синхрондық суға секіруден республикалық жарыста алды. Павел бұл жетістіктермен ғана қанағаттанатын емес.

Қазір ол жаздық республикалық чемпионатқа дайындалып жатыр. Ішаның еңбекқорлығы мен мақсатына жетуге деген талпынысы өте зор. Келешекте өтетін Олимпиадалардың жеңімпаздары арасынан Сухарев Павелдің есімін көрсеніз, таңғалмаңыз!

Сапарғали Нуржан, 10 В

Цычуева Наталья



Цычуева Наталья қазір 10 В сыныбының оқушысы. Наташа алты жаста балдық-спорттық бимен кәсіби түрде шұғылданады. Оның билегенін өз өткен «Күз балында» таманаладық. Сондай керемет!

“Би дегеніміз тек еруек немесе спорт ғана емес, би – менің өмірге деген көзқарасым, менің ой-өрісім”, - дейді Наташа.

Күнделікті жаттығулардың арқасында Наталья көптеген халықаралық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Ол Нұржай деген жігітпен жұптасып билейді. Олардың жаттықтырушысы – Аксенов Максим Геннадьевич. Наташа Қазақстан атынан бірнеше халықаралық би жарыстарында өнер көрсетіп, марапаттарға иеленді. Ол тек тамаша биші ғана емес,





Біз Наташаға үлкен жеңістер тілейміз. Өзінің еңбексүйімділігі арқасында Наталья әлі де әлемді таңғалдырады деп сенеміз.

Карманова Мадина, 10 В

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімов А.Қ. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер», Астана, 2014
2. Оспанов Е.Т. «Академиялық жазылым» Алматы, 2018
3. «Bilimland.kz» сайтындағы материалдар

KANTOROVICH TYPE (p, q) -ANALOGUE OF BALÁZS-SZABADOS OPERATORS

Pembe SABANCIGİL

ORCID: 0000-0001-9838-9445

Eastern Mediterranean University, Faculty of Arts and Sciences, Department of Mathematics

Hayatem HAMAL

ORCID: 0000-0002-4281-3371

Eastern Mediterranean University, Faculty of Arts and Sciences, Department of Mathematics

ABSTRACT

In this paper, we introduce a new Kantorovich type (p, q) -analogue of Balázs-Szabados operators, we derive a recurrence formula and we present an explicit expression for the first three moments of these operators.

Keywords: (p, q) -calculus, Balázs-Szabados operators, (p, q) -Balázs-Szabados operators, moments

INTRODUCTION

Bernstein polynomials which belong to a function $f(x)$ defined on $[0, 1]$ are given as follows:

$$B_n(f, x) = \sum_{k=0}^n f\left(\frac{k}{n}\right) \binom{n}{k} x^k (1-x)^{n-k}, \quad (n=1, 2, \dots).$$

These polynomials have many applications in different areas such as mathematics, engineering, CAGD, statistics, etc. and many other generalizations of these polynomials are studied by lots of authors. In 1975, Balázs ([1]) defined and studied approximation properties of Bernstein type rational functions

$$R_n(f, x) = \frac{1}{(1+a_n x)^n} \sum_{k=0}^n f\left(\frac{k}{b_n}\right) \binom{n}{k} (a_n x)^k, \quad n \in \mathbb{N}$$

where f is a real and single-valued function defined on the half open interval $[0, \infty)$, a_n and b_n are real numbers which are suitably chosen and do not depend on x . Seven years later in 1982, Balázs and Szabados together improved the estimate in [1] by choosing suitable a_n and b_n under some restrictions for $f(x)$.

There are different q -analogues of Balázs-Szabados operators (see [3],[4],[5],[6],[8]). New Kantorovich type q -analogue of Balázs-Szabados operators is defined by Hamal and Sabancigil in [4] as fo

$$R_{n,q}^*(f, x) = \sum_{k=0}^n r_{n,k}(q, x) \int_0^1 f\left(\frac{[k]_q + q^k t}{b_n}\right) d_q t,$$

Where

$$r_{n,k}(q, x) = \frac{1}{(1 + a_n x)^n} \begin{bmatrix} n \\ k \end{bmatrix}_q (a_n x)^k \prod_{s=0}^{n-k-1} (1 + (1-q)[s]_q a_n x),$$

$a_n = [n]_q^{\beta-1}, b_n = [n]_q^{\beta}, 0 < \beta \leq \frac{2}{3}, n \in \mathbb{N}, x \geq 0$ and f is a real-valued continuous function defined on the interval $[0, \infty)$. The authors studied some local approximation properties and gave a Voronovskaja type theorem for their newly defined operators.

On the other hand different (p, q) -generalizations of the Bernstein type operators are discovered by many authors with the rapid rise of (p, q) -calculus. Recently, Mursaleen et al ([7]) introduced (p, q) -analogue of Bernstein operators. A generalization of q -Balázs-Szabados operators based on (p, q) -integers is studied by Ozkan and Ispir in [9].

In this paper, by using the operators defined in [4] we introduce a new Kantorovich type (p, q) -analogue of Balázs-Szabados operators and we calculate the first three moments of these operators which are important features in examining their convergence properties. Before defining the new operators we give some definitions and notations of (p, q) -calculus.

Let $0 < q < p \leq 1$. For each nonnegative integer n , the (p, q) -integer of the number n is defined by

$$[n]_{p,q} = \frac{p^n - q^n}{p - q},$$

the (p, q) -factorial is defined by $[n]_{p,q}! = \prod_{k=1}^n [k]_{p,q}$ for $n \geq 1$ and $[0]_{p,q}! = 1$.

For $0 \leq k \leq n$, (p, q) -binomial is defined by $\begin{bmatrix} n \\ k \end{bmatrix}_{p,q} = \frac{[n]_{p,q}!}{[k]_{p,q}! [n-k]_{p,q}!}$.

Let $f : C[0, a] \rightarrow \mathbb{R}$, then the (p, q) -integration of a function f is defined by

$$\int_0^a f(t) d_{p,q} t = (p-q)a \sum_{k=0}^{\infty} f\left(\frac{q^k}{p^{k+1}} a\right) \frac{q^k}{p^{k+1}} \text{ if } \left|\frac{p}{q}\right| > 1,$$

$$\int_0^a f(t) d_{p,q} t = (q-p)a \sum_{k=0}^{\infty} f\left(\frac{p^k}{q^{k+1}}a\right) \frac{p^k}{q^{k+1}} \text{ if } \left|\frac{p}{q}\right| < 1.$$

OPERATORS AND THEIR MOMENTS

Definition 1. Let $0 < q < p \leq 1$. New Kantorovich type (p, q) -Balázs-Szabados operator is defined as follows:

$$\Omega_{n,p,q}^*(f, x) = \sum_{k=0}^n \omega_{n,k}^*(p, q, x) \int_0^1 f\left(\frac{[k]_{p,q} + p^{k-1}q^k t}{b_n}\right) d_{p,q} t,$$

where

$$\omega_{n,k}^*(p, q, x) = \begin{bmatrix} n \\ k \end{bmatrix}_{p,q} \left(\frac{a_n x}{1 + a_n x}\right)^k \prod_{j=0}^{n-k-1} \left(p^j - q^j \frac{a_n x}{1 + a_n x}\right),$$

$f : [0, \infty) \rightarrow \mathbb{R}$ is real valued continuous function, $a_n = [n]_{p,q}^{\beta-1}$, $b_n = [n]_{p,q}^{\beta}$, $0 < \beta \leq \frac{2}{3}$, $n \in \mathbb{N}$.

Note that for $p=1$, new Kantorovich type (p, q) -Balázs-Szabados operator reduces to the operator $R_{n,q}^*(f, x)$ which is defined in [4] and for $p=1$, $q=1$ it coincides with the one defined in [8].

In the following lemma, we give a recurrence formula for the newly defined operators.

Lemma 1. For all $n \in \mathbb{N}$, $x \in [0, \infty)$, $m \in \mathbb{N} \cup \{0\}$ and $0 < q < p \leq 1$, we have

$$\Omega_{n,p,q}^*(t^m, x) = \sum_{j=0}^m \binom{m}{j} \frac{1}{(pb_n)^{m-j} [m-j+1]_{p,q}} \sum_{i=0}^{m-j} \binom{m-j}{i} a_n^i (q^n - p^n)^i \sum_{k=0}^n p^{2k(m-j)-ki} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \left(\frac{[k]}{b_n}\right)^{i+j}$$

Proof. The recurrence formula can be obtained by direct calculation as follows:

$$\Omega_{n,p,q}^*(t^m, x) = \sum_{k=0}^n \omega_{n,k}^*(p, q, x) \int_0^1 f\left(\frac{[k]_{p,q} + p^{k-1}q^k t}{b_n}\right)^m d_{p,q} t,$$

using the binomial formula for $([k]_{p,q} + p^{k-1}q^k t)^m$ and evaluating the (p, q) - integral as below

$$\begin{aligned} ([k]_{p,q} + p^{k-1}q^k t)^m &= \sum_{j=0}^m \binom{m}{j} ([k]_{p,q})^j (p^{k-1}q^k t)^{m-j}, \\ \int_0^1 t^{m-j} d_{p,q} t &= (p-q) \sum_{k=0}^{\infty} \frac{q^i}{p^{i+1}} \cdot \frac{q^{i(m-j)}}{p^{i+1(m-j)}} = \frac{1}{[m-j+1]_{p,q}}, \end{aligned}$$

we get;

$$\begin{aligned}\Omega_{n,p,q}^*(t^m, x) &= \sum_{k=0}^n \omega_{n,k}^*(p, q, x) \frac{1}{b_n^m [m-j+1]_{p,q}} \sum_{j=0}^m \binom{m}{j} [k]_{p,q}^j (p^{k-1} q^k)^{m-j} \\ &= \sum_{j=0}^m \binom{m}{j} \frac{1}{b_n^{m-j} [m-j+1]_{p,q}} \sum_{i=0}^{m-j} \binom{m-j}{i} (q^k - p^k)^i \sum_{k=0}^n p^{2k(m-j)-ki} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \frac{[k]_{p,q}^j}{b_n^j} \\ &= \sum_{j=0}^m \binom{m}{j} \frac{1}{b_n^{m-j} [m-j+1]_{p,q}} \sum_{i=0}^{m-j} \binom{m-j}{i} b_n^i (q^k - p^k)^i \sum_{k=0}^n p^{2k(m-j)-ki} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \frac{[k]_{p,q}^j}{b_n^{i+j}} \\ &= \sum_{j=0}^m \binom{m}{j} \frac{1}{b_n^{m-j} [m-j+1]_{p,q}} \sum_{i=0}^{m-j} \binom{m-j}{i} a_n^i (q^n - p^n)^i \sum_{k=0}^n p^{2k(m-j)-ki} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \frac{[k]_{p,q}^{i+j}}{b_n^{i+j}}.\end{aligned}$$

■

In the next lemma we calculate the first three moments of the operators, $\Omega_{n,p,q}^*(t^m, x)$ for

$m = 0, 1, 2$.

Lemma 2. For $x \in [0, \infty)$, $0 < q < p \leq 1$ and $n \in \mathbb{N}$, we have the following:

$$\begin{aligned}\Omega_{n,p,q}^*(1, x) &= 1 \\ \Omega_{n,p,q}^*(t, x) &= \frac{1}{(pb_n)[2]_{p,q}} \left(\frac{p^2 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^n + \left\{ \frac{(q-p)}{[2]_{p,q}} \left(\frac{pa_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} + 1 \right\} \frac{x}{1 + a_n x} \\ \Omega_{n,p,q}^*(t^2, x) &= \frac{1}{[3]_{p,q} (pb_n)^2} \left(\frac{p^4 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^n + \left\{ \frac{1}{b_n} \left(\frac{pa_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} + \frac{2q}{[2]_{p,q} b_n} \left(\frac{p^2 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} \right. \\ &\quad \left. + \frac{(q^2 - p^2)}{[3]_{p,q} b_n} \left(\frac{p^3 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} \right\} \frac{x}{1 + a_n x} + \left\{ \frac{2pq(q-p)[n-1]_{p,q}}{[2]_{p,q} [n]_{p,q}} \left(\frac{pa_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-2} \right. \\ &\quad \left. + \frac{p^2 q (q-p)^2 [n-1]_{p,q}}{[3]_{p,q} [n]_{p,q}} \left(\frac{p^2 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-2} + \frac{q[n-1]_{p,q}}{[n]_{p,q}} \right\} \frac{x^2}{(1 + a_n x)^2}\end{aligned}$$

Proof. $\Omega_{n,p,q}^*(1, x) = 1$ is obvious by using the recurrence formula which is given in lemma 1.

$$\begin{aligned}\Omega_{n,p,q}^*(t, x) &= \sum_{j=0}^1 \binom{1}{j} \frac{1}{[2-j]_{p,q} (pb_n)^{1-j}} \sum_{i=0}^{1-j} \binom{1-j}{i} a_n^i (q^n - p^n)^i \sum_{k=0}^n p^{2k(1-j)-ki} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \frac{[k]_{p,q}^{i+j}}{b_n^{i+j}} \\ &= \frac{1}{[2]_{p,q} (pb_n)} \left\{ \sum_{k=0}^n p^{2k} \omega_{n,k}^*(p, q, x) + a_n (q^n - p^n) \sum_{k=0}^n p^k \frac{[k]_{p,q}}{b_n} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \right\} \\ &\quad + \sum_{k=0}^n \frac{[k]_{p,q}}{b_n} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \\ &= \frac{1}{[2]_{p,q} (pb_n)} \left(\frac{p^2 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^n + \left\{ \frac{(q-p)}{[2]_{p,q}} \left(\frac{p a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} + 1 \right\} \frac{x}{(1 + a_n x)}.\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}\Omega_{n,p,q}^*(t^2; x) &= \sum_{j=0}^2 \binom{1}{j} \frac{1}{[3-j]_{p,q} (pb_n)^{2-j}} \sum_{i=0}^{2-j} \binom{2-j}{i} a_n^i (q^n - p^n)^i \sum_{k=0}^n p^{2k(2-j)-ki} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \frac{[k]_{p,q}^{i+j}}{b_n^{i+j}} \\ &= \frac{1}{[3]_{p,q} (pb_n)^2} \left\{ \sum_{k=0}^n p^{4k} \omega_{n,k}^*(p, q, x) + 2a_n (q^n - p^n) \sum_{k=0}^n p^{3k} \frac{[k]_{p,q}}{b_n} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \right. \\ &\quad \left. + a_n^2 (q^n - p^n)^2 \sum_{k=0}^n p^{2k} \frac{[k]_{p,q}^2}{b_n^2} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \right\} + \frac{2}{[2]_{p,q} (pb_n)} \left\{ \sum_{k=0}^n p^{2k} \frac{[k]_{p,q}}{b_n} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \right. \\ &\quad \left. + a_n (q^n - p^n) \sum_{k=0}^n p^k \frac{[k]_{p,q}^2}{b_n^2} \omega_{n,k}^*(p, q, x) \right\} + \sum_{k=0}^n \frac{[k]_{p,q}^2}{b_n^2} \omega_{n,k}^*(p, q, x),\end{aligned}$$

by simple calculations we obtain

$$\begin{aligned}\Omega_{n,p,q}^*(t^2; x) &= \frac{1}{[3]_{p,q} (pb_n)^2} \left(\frac{p^4 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^n + \left\{ \frac{1}{b_n} \left(\frac{p a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} + \frac{2q}{[2]_{p,q} b_n} \left(\frac{p^2 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} \right. \\ &\quad \left. + \frac{(q^2 - p^2)}{[3]_{p,q} b_n} \left(\frac{p^3 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-1} \right\} \frac{x}{1 + a_n x} + \left\{ \frac{2pq(q-p)[n-1]_{p,q}}{[2]_{p,q} [n]_{p,q}} \left(\frac{p a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-2} \right. \\ &\quad \left. + \frac{p^2 q (q-p)^2 [n-1]_{p,q}}{[3]_{p,q} [n]_{p,q}} \left(\frac{p^2 a_n x + 1}{1 + a_n x} \right)^{n-2} + \frac{q[n-1]_{p,q}}{[n]_{p,q}} \right\} \frac{x^2}{(1 + a_n x)^2}.\end{aligned}$$

■

REFERENCES

- [1] Balázs, K. (1975). Approximation by Bernstein type rational function: Acta Math. Acad. Sci. Hungar, Vol. 26, 123-134.
- [2] Balázs, K. and Szabados J., Approximation by Bernstein type rational function II.: Acta Math. Acad. Sci. Hungar, Vol.40, 1982, 331-337.
- [3] Dogru, O. (2006). On Statistical Approximation Properties of Stancu type bivariate generalization of q -Balázs Szabados operators: Proceedings. Int. Conf. Num. Anal.&Approx. Theory, Romania, 179-194.
- [4] Hamal, H., Sabancigil, P. (2020). Some approximation properties of new Kantorovich type q -analogue of Balázs Szabados operators: Journal of Inequalities and Applications, vol 2020, no.159.
- [5] Ispir, N., Ozkan, E.Y. (2013). Approximation Properties of Complex q -Balázs-Szabados Operators in Compact Disks: Journal of Inequalities and Applications, Vol.361.
- [6] Mahmudov, N.I. (2016). Approximation Properties of the q -Balázs-Szabados Complex Operators in the case $q \geq 1$: Comput.Methods Funct. Theory, Vol.16, 567-583.
- [7] Mursaleen, M., Ansari, K.J. and Khan A. (2015). On (p,q) -analogue of Bernstein operators: Appl. Math. Comput., Vol.266, 874-882.
- [8] Ozkan, E.Y. (2019). Approximation Properties of Kantorovich type q -Balázs-Szabados operators: Demonstr. Math, Vol.52, 10-19.
- [9] Ozkan E.Y. and Ispir N. (2018). Approximation by (p, q) -Analogue of Balázs-Szabados Operators: Filomat, Vol.32 (6), 2257-2271.

DÜŞÜK MALİYETLİ ALÜMİNA TOZU İLE HAZIRLANAN SİNERLENMİŞ BLOKLARIN MEKANİK VE MİKROYAPISAL ÖZELLİKLERİNİN İNCELENMESİ

Arife YURDAKUL

Kutahya Dumlupınar University, Kutahya Vocational School of Fine Arts, Department of Hand Arts

ORCID: 0000-0002-3126-7336

ÖZET

Түйіндеме: Қазақстан Республикасы - Еуразия материгіндегі континенттік, суға неғұрлым тапшы елдердің бірі. Жер бетінің су ресурстарының барлық көлемінің жартысына жуығы республикадан шет мемлекеттерде қалыптасады, ал үштен бірі Қазақстан арқылы көрші мемлекеттердің аумағына өтеді. Республиканың оңтүстік, шығыс және батыс бөліктерін қоректендіретін өзендер, негізінен мемлекетімізден тыс жерлер көрші мемлекеттерден бастау алады, соның ішінде Сырдария, Жайық, Ертіс, Іле, Талас, Шу, Еділ өзендері екі немесе бірнеше мемлекеттердің аумағы арқылы өтеді және олар үшін маңызы бар экономикалық және экологиялық мәселе болып табылады. Шекараны кесіп өтетін өзендер мен басқа елдерге де ортақ су айдындары ресурстарын тиімділікпен пайдалану проблемасы бүкіл дүние жүзінде шиеленісіп барады әрі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туындап, мемлекетаралық қақтығыстардың жиілеп кетуіне себеп болуда. Сарапшылардың бағалауы бойынша әр адам бір жыл ішінде кемінде 5000 (мың) текше метр таза су пайдалануға тиіс екен, ал Орталық Азияның көптеген аудандарында, соның ішінде Қазақстанда бұл көрсеткіш 700 текше метрден аспайды. Ал, Қазақстанда сараптамалық деректер бойынша соңғы 15 жыл ішінде республикамыздың табиғи жер беті су ресурстарының азая бастағаны байқалған, бұл мәлімет көрші елдерді басып өтетін өзендердің суларын да қамтиды. Қазақстан аумағында 85 мың өзен бар. Олардың ең ірілері ұзындығы 1000 км-ден асатын Ертіс, Жайық, Сырдария, Іле, Шу, көрші мемлекеттерден бастау алып, аумағынан кесіп өтеді, ал Есіл, Тобыл өзендерінің сағасы көрші мемлекеттердің аумағында орналасқан. Су қорын шектен тыс пайдалану, өнеркәсіптік қалдықтар, ағынды сулардың шайынды суларымен ластануы, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық қызметінің интенсивтілігіне байланысты су көлемі мөлшерінің қысқаруы мен трансшекаралық су ағынының концентратпен ластануының көбеюі, ірі халықаралық гидротораптарды бірлесіп пайдалану, суландыру жүйелерін технологиялық жарақтандыру мәселелері экологиялық мәселелерді қалыптастыруда. Сондықтан Қазақстандағы трансшекаралық өзендердің экологиялық жағдайын анықтау арқылы алдын алу шараларын айқындау, трансшекаралық өзендерді пайдаланудың ғылыми негізделген іс-шараларын ұсыну өзекті мәселе.

Кілт сөздер: Қазақстан, трансшекара, су ресурстары, Сырдария, экология.

STUDY OF THE QUALITY OF NATURAL COMPONENTS TO SOLVE ENVIRONMENTAL PROBLEMS OF THE TRANSBOUNDARY SYRDARYA RIVER

Dr. Sadykova Damezhan

Senior lecturer, master's degree Koilybaev Zhasulan

Kazakh National Women's Pedagogical University Almaty, Kazakhstan

Abstract: The Republic of Kazakhstan is one of the continental, water-deficient countries on the Eurasian continent. About half of the total volume of water resources of the Earth's surface is formed from the Republic in foreign countries, and a third passes through Kazakhstan to the territory of neighboring states. The rivers that feed the southern, eastern and western parts of the Republic, mainly lands outside our state, originate from neighboring states, including the Syrdarya, Ural, Irtysh, Ili, Talas, Shu, Volga rivers flow through the territory of two or more states and are an important economic and environmental issue for them. The problem of efficient use of the resources of rivers crossing borders and reservoirs common to other countries is becoming more acute around the world, causing socio-economic difficulties and increasing interstate conflicts. According to experts, each person should use at least 5,000 (thousand) cubic meters of clean water during the year, and in many regions of Central Asia, including Kazakhstan, this figure does not exceed 700 cubic meters. In Kazakhstan, according to expert data, over the past 15 years, there has been a decrease in the natural surface water resources of the Republic, which also includes the waters of rivers crossing neighboring countries. There are 85 thousand rivers on the territory of Kazakhstan. The largest of them, with a length of more than 1000 km, originates and crosses the territory of the Irtysh, Ural, Syrdarya, Ili, Shu, neighboring states, and the mouths of the Yesil and Tobol rivers are located on the territory of neighboring states. The issues of excessive use of water resources, pollution of industrial waste, waste water with wastewater, reduction of water volume due to the intensity of industrial and agricultural activities and increase of pollution of transboundary watercourses with concentrates, joint use of large international hydroelectric power stations, technological equipment of irrigation systems form environmental problems. Therefore, it is urgent to determine preventive measures by determining the ecological state of transboundary rivers in Kazakhstan, to provide scientifically based measures for the use of transboundary rivers.

223


Keywords: Kazakhstan, transboundary, water resources, Syrdarya, ecology.

Сырдария өзені - Орта Азия мен Қазақстандағы ірі өзендердің бірі. Орталық Тянь-Шань сілімдерінен басталды. Өзен Қырғызстан мен Өзбекстанның шығысында орналасқан Тянь-Шань тауларындағы екі өзеннің: Нарын және Қарадария өзендерінің қосылуынан бастау алады да, 2,212 км қашықтықта орналасқан Арал теңізіне барып құяды.

Жалпы ұзындығы 2219 км (Нарын өзенінің бастауынан 3026 км), су жинайтын алабы 462 мың км (кв). Орта және төменгі ағысы Қазақстан жерінде: республикадағы ұзындығы 1400 км, су жиналатын алабы 240 мың км (кв). Өзен бастауын тау деңгейінен жоғары 33004400 м биіктікте жатқан таулы өңірден алады. Алабында өзен суын толықтырушы жалпы ауданы 2208 км (кв) болатын 1713 мұздық бар. Қазақстан жеріндегі Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда обл алабы негізінен Сырдария өзенінің алабы 800 000 шаршы километрді құрайды, бірақ су іс жүзінде соның тек 200000-на ғана жиналады. Оның бір жылдық теңізге құюы – 28 кибокилометр ғана, бұл Амударияның теңізге құятын суының жартысына тең (Сурет-1). Нарын мен Қарадария өзендерінің қосылған жерінен бастап Сырдария деп аталады. Қазақстан жеріндегі Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары алабы негізінен құмды келеді. Өзен Қызылқұм, Арыс құмын, Арал маңы Қаракұмын жарып ағады. Сырдария өзенінің 130-ға жуық салалары бар: ірілері – Келес, Құркелес, Арыс т.б. Сырдария өзені негізінен қар және аздап мұздық, жауын - шашын суымен толысады. Сырдария өзенінің ағынының орташа жылдық су мөлшері 8 л/с/км². Деңгейі сәуір айынан бастап көтеріле бастайды, маусым, мамыр айларында ең жоғары шегіне жетеді. Содан кейін су мөлшері кеме береді. Жылдық орташа су мөлшері Қазақстан шегіне енген тұсында (Көкбұлақ ауылы) 730 м³/с, яғни жылдық ағыны 22995 млн/м². Қызылорда қаласы тұсында арнасымен секундына 673 м³, сағасында 446 м³ (1975 жылға дейін) су өтеді [25]. Өзен төменгі жағында (Түркістан қаласына дейін) желтоқсаннан бастап қатып, наурыз айының аяқ кезінде мұзы түседі. Мұзының қалыңдығы ақпан-наурызда 66-68 см-ге жетеді.

Сурет1


Сырдария өзені алабы



Суының орташа температурасы жаз айларында $+23^{\circ}\text{C}$, $+25^{\circ}\text{C}$ (кейде 29°C -ға дейін көтеріледі) шамасында су лайлылығы $1150\text{--}1200\text{ г/м}^3$, республикадағы ең лай өзен. Суы негізінен гидрокарбонатты келеді. Сазан, көксерке, таас, балық, бекіре, ақмарқа, қаяз, жайын, алабұға, аққайран т.б. балықтар тіршілік етеді. Су мол жылдары Қазалы қаласына дейін кеме жүзген. Сырдария аңғарында аллювилік-шалғынды топырақ, арнасына таяу жерлерде шалғынды-батпақты топырақ жамылғысы таралған. Сырдария өзенінің жайылмасының кей бөлігінде шалғын, қамыс, құрақ, жиде, тал, жыңғыл өседі. Құм массивтерінде сексеуіл өседі. Климаты континенттік, қысы негізінен жұмсақ, жазы аңызакты ыстық (Сурет-2).

Сурет-2

Сырдария өзені географиялық орны



Сырдария алабында Жаңадария, Қуандария сияқты көне құрғақ арналар көп кездеседі. Олардың көпшілігі суландыру каналдарына айналдырған. Сырдария өзенінің көне грек тіліндегі аты бойынша «Яксарт» деп аталады. Өзеннің грекше аты көне парсы тіліндегі «Яkhcha Арта» («Үлкен маржан») деген сөз тіркесінен бастау алады, бұл өзеннің суының түсінен пайда болған. Орта ғасырлық мұсылман жазбаларында өзен жұмақтағы төрт өзеннің бірінің атымен «Сейхун» деп аталған. Амудария өзені болса «Жейхун» деп аталған, бұл жұмақтағы төрт өзеннің тағы бірінің аты. Қазақстанда жергілікті тұрғындар оны күнделікті тілде «Дария» деп атайды. Парсы тілінен келген Сырдария атауы ежелден бері қолданылып келеді. Батыс елдеріндегілер болса 20-шы ғасырға дейін бұл өзенді «Яксарт» атауымен атап келді [28]. Ескендір Зұлқарнайынның жаулап алған жерлерінің солтүстік шекарасы Сырдария өзені арқылы өтті. Грек тарихшыларының айтуы бойынша, Ескендір б.з.д. 329 жылы Александрия Эсхата («Ең алыстағы

Александрия») деген қаланың негізін қалаған. Ол қала қазір Худжанд деп аталады. Сейхун бойы сонау ежелгі заманнан бері халық тығыз қоныстанған, суармалы егіншілік кеңінен дамыған мәдениет ошақтарының бірі болып саналады. Бүгінгі Сырдария аңғары еліміздегі күріштен мол өнім алатын өңір. Өзеннің ағынын реттеп, суын егістік (күріш, мақта, бау-бақша) пен шабындықтарды суаруға және суландыруға тиімді пайдалану үшін өзен бойында Қызылорда суару жүйесі, Шардара бөгені, Қазалы суару жүйесі салынған. Аңғардағы суармалы егіншілікке жарамды 8 млн га – дай алқап қарқынды игерілген. Өзен суы шаруашылықтың мұқтажына толық жаратылуына байланысты 1974-1975 жылдардан бастап Сырдария Арал теңізіне жетпей тартылып қалатын болды (Сурет-3).

Сурет-3

Сырдария өзені



Өзен алабындағы Қарғалы (13,3 мың га), Торағылсай (7,9 млн га), массивтері қорғауға алынған. Сырдария бойында Қызылорда, Шардара, Қазалы қалалары орналасқан. Қызылорда облысы жерімен Сырдария өзенінің 1000 км-ге жуық төменгі ағысы өтеді. Өзен бойындағы Тоқтагүл, Шардара, Қайрақ құм, Чарвак су қоймалары орналасқан. Қазақстандағы өзен-көлдердің ластануы өнеркәсіп шоғырланған аймақтарда полигондар мен мұнай өндіретін жерлерде жаппай сипат алуда. Сонымен бірге еліміздің шекаралық аймақта орналасқан өзен-көлдері көрші мемлекеттердің өнеркәсіп қалдықтарымен т.б. қалдықтармен ластану дәрежесі жоғарлауда. Осыған орай Сырдария өзенінің табиғат компоненттерін зерттеу арқылы экологиялық жағдайын анықтадық.

Сырдария өзенінің табиғат компоненттерін зерттеу

Сырдария өзенінің суының ластану дәрежесін байқау үшін суын және топырағын Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институтында зерттеуден өткізіп, суы мен топырағының улы химиялық элементтермен ластану дәрежесін анықтау барысында топырақ және судың құрамындағы химиялық элементтердің мөлшері әркелкі екендігі айқындалды. 2013 жылғы жүргізілген зерттеуге сәйкес төмендегі көрсеткіштер анықталған еді. (Кесте-1).

Кесте-1

Суға жүргізілген тәжірибенің нәтижесі (25.11.2013ж).

№	№ ра зреза	Ауыр металлдардың құрамы							
		%							
		Cu	Zn	Cd	Pb	Ni	Co	Fe	Mn
1	Су	0,009	0,007	0,005	0,15 8	0,057	0,050	0,176	0,012
2	Орташа деңгейі	1,0	5,0	0,001	0,03	0,1	0,1	0,3	0,1

Сырдария өзенінің суында Cd мыс және Pb қорғасын ауыр металлдарының мөлшері жоғары болып шықты. Яғни өзен суы ластанған.

Кесте-2.

Топыраққа жүргізілген тәжірибенің нәтижесі (25.11.2013).

№	№ ра зреза	Ауыр металдар, %							
		Cu	Zn	Cd	Pb	Ni	Co	Fe	Mn
1	Топырақ	18,4	49,6	2,8	56,0	50,8	34,0	6012,4	492,4
2	Орташа деңгейі	3	23	5,0	6	4,0	5,0	-	150

Зерттеу нәтижесі бойынша Сырдария өзенінің суында Cd және Pb ауыр металлдарының мөлшері жоғары екендігі анықталып өзен суының антропогендік іс-әрекет нәтижесінде ауыр металдармен ластанғаны айқындалды.

Суға жүргізілген тәжірибенің нәтижесі (25.10.2020ж). Кесте 3
Су шығару в г/л

№ П/П	Таңдау орны	Су сүзіндісі в г/л									pH
		Тұздардың мөлшері, %	Сілтілік		Cl ⁻	SO ₄ ²⁻	Ca ⁺⁺	Mg ⁺⁺	Na ⁺	K ⁺	
			НС O ₃ ⁻	Қалыпты карбонаттардың в CO ₃							
1	Сырдария	1,736	0,14 6		0,128	0,965	0,135	0,098	0,256	0,006	7,39
			2,40		3,62	20,11	6,73	8,09	11,15	0,15	

Сырдария суының құрамындағы микроэлементтер Кесте 4

№ п/п	Топырақ қабаты, см	Судағы микроэлементтер, мг/л					
		Zn	Cu	Mn	Co	Fe	Cd
1	Сырдария	0,07	0,04	1,43	0,00	29,83	0,01
2	Орташа деңгей	5,0	1,0	0,1	0,1	0,3	0,001

Ал 2020 жылғы зерттеу бойынша Сырдария өзені суы мен топырағында марганец Mn пен темірдің Fe және Zn цинк ауыр металдардың мөлшерінің біршама көп екендігі анықталды.

228

Топыраққа жүргізілген тәжірибенің нәтижесі (25.10.2020).

Сырдария өзені топырағының микроэлементтер құрамы Кесте 5

№ п/п	Топырақ қабаты, см	Микроэлементтердің түрлері, мг/кг					
		Zn	Cu	Mn	Cd	Pb	Fe
1	Сырдария	3,5	0,1	125.2	1,0	1,3	125.2

Өсімдіктердің құрамындағы ауыр металдар Кесте 6

№ п/п	Топырақ қабаты, см	Микроэлементтер, мг/кг					
		Zn	Cu	Mn	Cd	Pb	Fe
1	Сырдария	2,48	8,0	32,0	1,4	-	3200

2020 жылғы зерттеу бойынша Сырдария өзені топырағы мен өсімдіктерінде марганец Mn пен темірдің Fe және Zn цинк, Pb қорғасын ауыр металдардың мөлшерінің біршама көп екендігі анықталды. 2013 – 2020 жылдар аралығындағы зерттеулер нәтижесі бойынша трансшекаралық Сырдария өзенінің ауыр металдармен ластану деңгейінің артқандығын айқындайды. Сырдария өзені суының ауылшаруашылығында шектен тыс пайдалану, минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану әртүрлі микроэлементтердің көбеюіне әсер етуде. Зерттеу нәтижесі трансшекаралық Сырдария өзенінің ластануының алдын алу қажеттілігін анықтап өзен суын пайдалантын Тәжікстан, Өзбекстан, Қазақстан мемлекеттерінің халықаралық деңгейде тиімді шаралар қолдану қажеттілігін айқындайды.

ЮНЕСКО мәліметі бойынша 2030 жылға қарай жер шары халқының 47% да су тапшылығы болуы мүмкін деп отыр. 2 миллиард адамды сумен қамтамасыз ететін, 2100 жылы ең ірі деген 7 өзен бастау алатын Гималай мен Тибеттегі, жер шарындағы мәңгілік мұздықтар еріп 70 өзен тартылып су тапшылығы артқан кезде, егістік жерлердің көлемі азаяды, дүние жүзі бойынша астық тапшылығы туындайды, азық-түлікке деген сұрыныс артады. Су тапшылығынан миграцияға ұшырайтындардың саны 700 миллион адам болуы мүмкін деген болжамдар айтылуда. Қара құрлықтың жарты миллиардқа жуық халқы қазірдің өзінде өзен-көлдер мен жаңбыр суларымен қоректенеді. Болашақта әлемдік нарықта судың бағасы мұнайдың бағасымен теңесетін болады деген болжамдар айтылуда. БҰҰ-ның Даму бағдарламасының есебі бойынша, Қазақстан халқының үштен бірі таза ауызсуға қол жеткізе алмай отыр. Егер жағдай бүгінгіден өзгермесе, енді 30-40 жылдан кейін таза ауызсуға деген халықтың қажетін өтеу мүмкін болмай қалады. Себебі, таза су қоры қазірдің өзінде, бар-жоғы 3-ақ пайызды құрайды. Сондықтан еліміздегі трансшекаралық өзендердің проблемалары елдің экологиялық қауіпсіздігіне әсер ететін сыртқы көздер болып табылады. Трансшекаралық өзендер проблемасы халықаралық деңгейде шешуді қажет ететін өзекті мәселелер болғандықтан 2003 жылы Қазақстан қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен оларды шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына және трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалану және қорғау проблемасын шешуге бірыңғай құқықтық тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін трансшекаралық ағын сулар мен халықаралық өзендерді қорғау мен пайдалану жөніндегі Хельсинки конвенциясына қосылды. Алайда, Орталық Азиядағы көрші елдердің бұл конвенцияға қосылмағандықтан трансшекаралық өзен суларын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мәселелері толық шешімін тапқан жоқ.

Сондықтан еліміздегі трансшекаралық өзендердің экологиялық мәселелерін шешу үшін:

- 1.Қазақстан мен көрші мемлекеттердің шекаралас аудандарын экологиялық бақылау жөніндегі бірлескен зерттеулер жүргізу;
- 2.Орталық Азия мемлекеттерінің Хельсинки конвенциясына қосылуы жөніндегі Қазақстанның бастамасын өткізу арқылы трансшекаралық су проблемаларын шешу;
- 3.Бірегей табиғи кешендерді сақтау мақсатында Батыс Тянь-Шань мен Алтай-Саян өңірінде шекаралық биосфералық аумақтар құру;
- 4.Өзендердің экологиялық жағдайын анықтау, шешу бағытында мемлекетаралық келісім - шарт бойынша шаралар қабылдау;
- 5.Трансшекаралық өзендер мәселесін әлемдік деңгейде шешу;
- 6.Өзендердің экологиялық жағдайын айқындау арқылы алдын алу мәселелерін шешу;
- 7.Экологиялық құқық қадағалау жұмыстарын жүргізу бағыттары бойынша жұмыстар жүргізу керек.

Пайдаланатын әдебиеттер тізімі.

- 1.Экологический информационный бюллетень. Алматы РЭЦ, 1994-2002.
- 2.Глазовский В.И. Аралский кризис.- М. : Наука, 1990.
- 3.Биологическое и ландшафтное разнообразие РК.- Алматы.:МЭПР,1997.
- 4.Фурсов В.И. Охраны природы и сельское хозяйство.- Алма-Ата:Кайнар,1987.
- 5.Орешкин Д.В.Аралская катастрофа. Серия.Наука о земле.-М.:Знание,1990.
- 6.А.С.Бейсенова,К.Д.Карпеков. Қазақстан географиясы. Алматы : Атамұра 2004ж
- 7.Экология, охрана природы, экологическая безопасность. Под. Ред. Проф. Никитина А.Т. М., 2000г.
8. Экхольм Э. Окружающая среда и здоровье человека. М., 1980г.
9. Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты пайдалану.- А.: Ғалым. 2004ж.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС- ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Альдибекова Шолпан Нурсапаевна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Исмаилова Роза Байжумановна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Түйіндеме. Қазіргі оқыту үрдісі жоғарғы бәсеке жағдайында өтуде. Осы орайда бәсекеге қабілеттіліктің неғұрлым маңызды факторлары болып келесілер алынады: білікті, шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін кадрлардың болуы; олардың шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыра білу; жаңа ойларды қабылдауға даяр болу және оны іске асыру үшін жағдай жасау. Осы орайда, зерттеушілік дағдылар оқушының жан-жақты дамыған және оңды әлеуметтенген тұлға болып қалыптасуына әсер ететін бірден бір бағыт. Ондай тұлға бәсекеге қабілетті болып келіп, ерекше ойлау қабілеті дамиды, қойылған міндет-мақсаттарына шығармашылық тұрғыда келеді.

Түйін сөздер: зерттеушілік іс-әрекет, Шығармашылық қабілет, теориялық, фантастикалық, эксперимент.

SPECIFICS OF ORGANIZING PROJECT AND RESEARCH ACTIVITIES OF STUDENTS IN PRIMARY SCHOOLS

Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor Aldibekova Sholpan

Kazakhstan, Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University Almaty, Kazakhstan

Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor Ismailova Roza

Kazakhstan, Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University Almaty, Kazakhstan

Resume. The current training process takes place in a highly competitive environment. In this regard, the most important factors of competitiveness are: the availability of qualified, creative thinking personnel; the ability to organize their creative activities; readiness to accept new ideas and create conditions for their implementation. In this regard, research skills are the only direction that affects the formation of a fully developed and positively socialized student. Such a person becomes competitive, develops extraordinary thinking, and creatively achieves his goals.

Keywords: research activity, creativity, theoretical, fantastic, experimental.

«Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі»**Питер Клайн**

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеті қазіргі мектеп бағдарламаларында маңызды рөлге ие. Мұның себебі зерттеушілік іс-әрекетті бала қабілетін ашу, үйлесімді тұлға етіп тәрбиелеу мен дамытудың мықты құралы деп тануда деп білеміз. Абай Құнанбаевтың жетінші қара сөзіндегі «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге өйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», – деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу ерте бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Олай дейтінімізге себеп көп, бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Еліміздегі білім берудегі басты мақсаты да осы-оқушылардың талдау, синтездеу, әрі логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, яғни оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету, оқушыны ізденуге, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету болып отыр. Зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды.

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны-жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сыныптан басталуы қажет.

Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті зерттеушілік деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі өте тиімді болып табылады. Зерттеушілік білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет.

Зерттеуші-оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізуге баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. 1999 жылдан бастап, оқушылардың зерттеушілік, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың құзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба – латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі.

Жоба мұғаліммен ұйымдастырылған және оқушымен өз бетінше проблема шешудегі жүзеге асырылған іс-әрекеттер жүйесі.

Бұл технологиялық оқудағы мұғалім мен оқушының іс-

әрекеттері түбегейлі өзгереді. Оны салыстырып көрелік: Жобалау технологиясын қолданудағы тиімділік оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту,

өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру,

ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыда ойлау қабілетін арттыру арқылы әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе,

оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады.

Әртүрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып,

әртүрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

Жобаның тиімділігі–көзбен көріп, құлақпен естіп, естесактай отырып оқушыны

ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалау әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды.

Алайда, бастауыш сатыда зерттеудің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Төменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болады, болжамды қалай құрылымдау керек, байқауды, экспериментті қалай жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді.

Тақырып қол жетімді болу тиіс. Проблема балалардың жас ерекшелігіне сай болуы керек.

Ықылас пен мүмкіндіктің үйлесімі.

Зерттеушілік оқыту- баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол белгісізді іздеу, жаңа білімді іздеу процесі. Бұл-адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау мен зерттеу басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан да, жобалау мен зерттеу бағыттылығы, мен мағынасы және іс-әрекетінің мазмұны бойынша да әртүрлі. Дегенмен жобалар әдісі мен зерттеу әдістерінің негізіне мыналар жатады: оқушының танымдық білігі мен дағдысын дамыту; ақпараттық кеңістікте бағдарлай алу білігі; өз білімін өздігінен құрастыра алуы; ғалымның әр саласыны білімдерін кіріктіре алу білігі; сын тұрғысынан ойлай алуы;

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі. Зерттеу түрлері: теориялық, фантастикалық, эксперимент.

Теориялық – зерттеу мәселелерін теориялық талдау. Мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды.

Фантастикалық – өмірде болмайтын фантастикалық құбылыстар мен заттар жөнінде.

Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді.

Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер. Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады. Экспериментальді (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады.

Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты-тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау –біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.

Зерттеу жұмысының басты шарты–оның жаңалығы және өзектілігі.

Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттенудің мақсаты мен міндеттерін ұғыну қажет. Мақсат–бұл зерттеушінің ізденіс нәтижесі. Зерттеу мақсаты нақты және қол жетерлік болсын.

Міндеттер–қадамдарды, мақсатқа жету кезеңдерін көрсету болып саналады.

Жұмыстың өзектілігі –яғни бұл жұмыстың қазіргі кезеңіндегі проблемасы.

Болжам-логикалық дәлелденбеген, тәжірибемен нақтыланбаған алдын ала ойластырылмаған білім

Қорытындыда болжамды дәлелдейтін жобаның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары мазмұндалады, ұсыныстар беріледі.

Зерттеудің қол жетімді әдістерін атап кетсек: дербес ойлау қабілеті, кітаптан оқып білуі, кино, бейне фильмдерден білу, интернет желісінен іздеп табу, басқа адамдардан сұрап білеу, байқай білуі, эксперимент жүргізу, т.б.

Баланың айналаны өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Балаларды оқуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады.

Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының:

- Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді, Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, зерттеулер жүргізуге бейімделеді;
- Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады;
- Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді;
- Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сартаева, Н. Т. Бастауыш мектепте зерттеушілік іс-әрекеттің жүргізілуі / Н. Т. Сартаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 5.2 (109.2). — С. 53-56. — URL: <https://moluch.ru/archive/109/26690/> (дата обращения: 20.03.2021).
2. Әлімқұлова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру [Мәтін]: Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал /... Әлімқұлова А.Б. // Бастауыш мектеп: ҚР МАЖБҚМ- Алматы, 2014- №7-8- Б.6- ISSN 0207-5474
3. Айтқалиева Г. Мектепке дейінгі ересек бүлдіршіндердің зерттеушілік, жобалаушылық дағдыларын дамыту [Мәтін]: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал / Г. Айтқалиева // Білім кілті- ҚР БЖАМ.- Алматы, 2014- №4(70)- Б.7-9
4. Галиева Б.Х. Ғылыми-зерттеу жұмысын жобалау [Текст] / Б.Х. Галиева // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы- 2013- 16-18 б.
5. Жұмағұлова А.З. Оқушылар арасында ғылыми жұмыстарды қалыптастыру [Мәтін] / А.З. Жұмағұлова // Открытая школа- 2013- №3-136.
6. Мырзалинова А. Бастауыш білім беруде кіші жастағы мектеп оқушыларымен жобалық-зерттеушілік қызметті ұйымдастыру [Текст] / А. Мырзалинова, Долдинас Ақышева Б. // Бастауыш мектеп- 2012- №11-12-126.

Жоба мұғаліммен ұйымдастырылған және оқушымен өз бетінше проблема шешудегі жүзеге асырылған іс-әрекеттер жүйесі.

Бұл технологиялық оқудағы мұғалім мен оқушының іс- әрекеттері түбегейлі өзгереді. Оны салыстырып көрелік: Жобалау технологиясын қолданудағы тиімділік оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыда ойлау қабілетін арттыру арқылы әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу. Егер оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады.

Әртүрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып,
әртүрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп,
есте сақтай отырып оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға,
шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге,
тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалау әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс,
өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың
жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды.

Алайда, бастауыш сатыда зерттеудің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар.
Төменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан
туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай
анықтауға болады, болжамды қалай құрылымдау керек, байқауды, экспериментті қалай
жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық
қамқорлықты қажет етеді.

Тақырып қол жетімді болу тиіс. Проблема балалардың жас ерекшелігіне сай болуы керек.
Ықылас пен мүмкіндіктің үйлесімі.

Зерттеушілік оқыту- баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи
ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы
мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол белгісізді іздеу,
жаңа білімді іздеу процесі. Бұл-адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау
мен зерттеу басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан да, жобалау
мен зерттеу бағыттылығы, мен мағынасы және іс-әрекетінің мазмұны бойынша да
әртүрлі. Дегенмен жобалар әдісі мен зерттеу әдістерінің негізіне мыналар жатады:
оқушының танымдық білігі мен дағдысын дамыту; ақпараттық кеңістікте бағдарлай алу
білігі; өз білімін өздігінен құрастыра алуы; ғалымның әр саласыны білімдерін кіріктіре алу
білігі; сын тұрғысынан ойлай алуы;

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың
түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық,
бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет
жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау
қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады.

Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі. Зерттеу түрлері: теориялық, фантастикалық, эксперимент. Теориялық – зерттеу мәселелерін теориялық талдау. Мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды.

Фантастикалық – өмірде болмайтын фантастикалық құбылыстар мен заттар жөнінде. Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді. Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер. Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады. Экспериментальді (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады.

Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты-тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау – біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.

Зерттеу жұмысының басты шарты–оның жаңалығы және өзектілігі.

Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттенудің мақсаты мен міндеттерін ұғыну қажет. Мақсат–бұл зерттеушінің ізденіс нәтижесі. Зерттеу мақсаты нақты және қол жетерлік болсын.

Міндеттер–қадамдарды, мақсатқа жету кезеңдерін көрсету болып саналады.

Жұмыстың өзектілігі – яғни бұл жұмыстың қазіргі кезеңіндегі проблемасы.

Болжам-логикалық дәлелденбеген, тәжірибемен нақтыланбаған алдын ала ойластырылмаған білім Қорытындыда болжамды дәлелдейтін жобаның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары мазмұндалады, ұсыныстар беріледі.

Зерттеудің қол жетімді әдістерін атап кетсек: дербес ойлау қабілеті, кітаптан оқып білуі, кино, бейне фильмдерден білу, интернет желісінен іздеп табу, басқа адамдардан сұрап білеу, байқай білуі, эксперимент жүргізу, т.б.

Баланың айналаны өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Балаларды оқуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады.

Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының:

- Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді, Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, зерттеулер жүргізуге бейімделеді;
- Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады;
- Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді;
- Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың

Пайдаланған әдебиеттер:

7. Сартаева, Н. Т. Бастауыш мектепте зерттеушілік іс-әрекеттің жүргізілуі / Н. Т. Сартаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 5.2 (109.2). — С. 53-56. — URL: <https://moluch.ru/archive/109/26690/> (дата обращения: 20.03.2021).
8. Әлімқұлова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру [Мәтін]: Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал /... Әлімқұлова А.Б. // Бастауыш мектеп: ҚР МАЖБҚМ- Алматы, 2014- №7-8- Б.6- ISSN 0207-5474
9. Айтқалиева Г. Мектепке дейінгі ересек бүлдіршіндердің зерттеушілік, жобалаушылық дағдыларын дамыту [Мәтін]: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал / Г. Айтқалиева // Білім кілті- ҚР БЖАМ.- Алматы, 2014- №4(70)- Б.7-9
10. Галиева Б.Х. Ғылыми-зерттеу жұмысын жобалау [Текст] / Б.Х. Галиева // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы- 2013- 16-18 б.
11. Жұмағұлова А.З. Оқушылар арасында ғылыми жұмыстарды қалыптастыру [Мәтін] / А.З. Жұмағұлова // Открытая школа- 2013- №3-136.
12. Мырзалинова А. Бастауыш білім беруде кіші жастағы мектеп оқушыларымен жобалық-зерттеушілік қызметті ұйымдастыру [Текст] / А. Мырзалинова, Долдинас Акышева Б. // Бастауыш мектеп- 2012- №11-12-126.

АШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**Садық Марияш**

Жамбыл облысы Қордай ауданы

Ордаева Динара Қанатбекқызы

Алматы техника-экономикалық колледжі Алматы, Қазақстан

Түйіндеме

Қазіргі кезде адамзат дамуының өзекті мәселелерінің бірі - ақпараттық өркениетке көшу арқылы әлеуметтік, экономикалық жағдайларға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары дамыған, терең білімді, кәсіби сауатты жеке тұлғаны қалыптастыру.

Осы бағытта жалпы білім беру мекемелері бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет. Осыған орай еліміздегі білім беру мекемелері қазіргі заман талаптарына сәйкес халықаралық деңгейде білім беру мәселелеріне басты назар аударуда.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық технологиялық қоғам дәуірі.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры» деп аталады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру арқылы ақпараттық қоғамға бейімдеу. Білім беру үрдісін ақпараттандыру - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, жеке тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Кілт сөздер: ақпарат, технология, жеке тұлға, білім, ғылым, оқыту, тәрбие.

ACTUAL PROBLEMS OF DISTANCE EDUCATION**Sadyk Mariyash**

Kordai District of Zhambyl region

Ordaeva Dinara Kanatbekyzy

Almaty Technological and Economic College Almaty, Kazakhstan

Currently, one of the most pressing problems of human development is the formation of a deeply educated, professionally literate personality, highly developed creative abilities, adapted to social and economic conditions through the transition to information civilization. In this direction, general education institutions should become an organization of the educational process for the formation and development of a competitive and competent person.

In this regard, educational institutions of the country pay special attention to the issues of education at the international level in accordance with modern requirements.

XXI century-the era of Information Technology Society.

By the decision of the United Nations, the "XXI century is called the age of informatization". The main requirement of the information society is to provide students with the basics of information knowledge, develop logical and structural thinking, adapt to the information society through the formation of skills of using information technology as a means of independent development and its implementation. Informatization of the educational process is aimed at improving the effectiveness and quality of all levels of the educational process, implementing the goals of developing learning through the use of new information technologies, individual - oriented learning. The Republic of Kazakhstan has also entered a new stage of scientific and technological progress, where the main feature is public awareness.

Keywords: information, technology, personality, Education, Science, training, parenting.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қабылданған стратегиялық дамудың 2030 жылға дейінгі бағыттары жас мемлекеттің ұлы таңдауы болса, қазір біз мемлекеттігіміз бен экономикамыздық дамыған жаңа даму кезеңіне қадам басқан елге айналып отырмыз. Біздің алдымызда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік деңгейге жеткізудің негізгі міндеттері анықталып отыр. Сондықтан білім беру мекемелерінің білім беру жүйесін өзгертумен бірге мектеп мұғалімдері мен ЖОО-ы оқытушыларына жоғарғы талап қажет. Әрбір педагог-оқытушы өз пәнін жетік білетін білімді, қашықтықтан оқыту жүйесі мен әлемдік интернет жүйесін пайдаланып білім беруді игерген, дәрістерде ақпараттық жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды пайдаланып жаңашыл білім беру, әлемдік ақпараттарды пайдалануды дағдыға айналдыруы керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Қашықтықтан білім беру, онлайн тәртібінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқулық теледидар құру қажет» - деп ерекше атап көрсеткендей дамыған шет мемлекет оқу орындарының ерекшеліктеріне тән болған қашықтық жүйесінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланып білім беру, оқулық теледидарды білім беру мекемелерінде жүзеге асыру қажеттігін айқындауда. Әлемдік деңгейдегі төтенше жағдайлардың болуы қашықтықтан білім берудің өзекті мәселелерін көрсетті. Еліміздегі білім беру саласындағы мамандардың ақпараттық технологияларды тиімді, дұрыс пайдалануы, әрбір дәріске қажетті әдіс-тәсілдерді игеруі, техника мен технологияның тілін меңгеруі т.б бағыттары бойынша кемшіліктердің болуы осы бағытта

білімдерін жетілдіру керектігін нақтылауда. Сонымен бірге қашықтықтан оқытуда әртүрлі программаларды қолдану, қағазбастылықтан цифрлық жетістіктерге жету, видеоролик, видеофильмдер желісін сабақта тиімді пайдалану, онлайн дәрістер өту арқылы білімді, білікті мамандардың іс тәжірибесін жандандыру, әр оқытушының өз мүмкіндіктерін көрсету тиімділігінің артуы, халықаралық деңгейде өзара іс тәжірибелер үшін байланыстың қол жетімділігі қашықтықтан оқытудың жетістіктерін айқындады.

Дәстүрлі оқыту орталарына қарағанда жаңа электрондық технология оқушыны оқу процесіне белсенді қатыстырып қана қоймайды, сонымен қатар осы процесті басқаруға рұқсат етеді. Дыбыстың, қимылдың, образдың және мәтіннің интеграциясы жаңа, мүмкіндіктері мол, әдеттен тыс оқу ортасын қалыптастырады, оның даму барысында оқу процесіне қатысатын оқушы саны да арта береді. Қашықтан оқыту жүйесінде қоданылатын бағдарламалар мен ақпаратты жеткізу жүйесінің инетраактивтік мүмкіндіктері, көптеген дәстүрлі оқу орталарында мүмкін болмайтын кері байланыс орнататын және икемдеп отырады, тұрақты көмек пен сұхбатты қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытуда өздік жұмыстар мен тапсырмалар ұйымдастыру, жаңа тақырыптарды меңгеру үшін өте тиімді. Қашықтықтан оқытудың жетістігі -

оқытушының өзінің қатысуынсыз оқушылар назарын өзінен тыс қалдырмауға қабілеттілігін е байланысты болады.

Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері:

- Жеке адамның үздіксіз әлеуметтену мүмкіндігі;
- Икемділік(оқытудың уақыты, орны, көлемі және қимылы бойынша);
- Жеке оқу жоспарын қолдану мүмкіндігі;
- Оқу ақпаратына қол жеткізу, оны жедел жаңарту;
- Экономикалық(оқу алаңы, транспорты, техникалық құралдардың шығынын қысқарту есебінен);
- Жаңа технологияларды қолдану;
- Оқып үйренушілердің әлеуметтік құқығының теңдігі(олардың тұратын жерлері мен денсаулық жағдайына қарамастан);
- Барлық елдегі ақпараттық - оқыту ресурстарының шығысы мен кірісі;

- Материалдарды көбейту мәселелерінің жоқтығы, оларды тарату ыңғайлылығы;

- Оқып үйренушілердің өз – өзіне бақылау жасауын қамтамасыз ету.).

Қашықтықтан оқыту артықшылықтары төмендегідей болып табылады: – кез-келген жерде, кез-келген мерзімде оқуға мүмкіндігі бар;

- кәсіби қызметпен қатар білім алуға болады;

- оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, студент пен оқытушылар арасындағы белсенді сұхбат, оқу ақпаратына мүмкіндік беру;

- білім алушының мекен- жайына, денсаулық жағдайына, элитарлық және материалдық жағдайына қарамастан тепе – тең дәрежеде білім алуға мүмкіндігі бар.

- Қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана білім беру үрдісінің негізіне арнайы жасалған оқу-әдістемелік материалдармен білім алушының мақсатты және бақыланатын өзіндік жұмыс жасауы.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялардың дамуы мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды. Мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Ақпараттық технологиялар негізінде инновациялық әдістерді пайдаланып оқытудың интерактивті оқыту моделі қалыптасты. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып, өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Осыған сәйкес қашықтықтан білім беруде мультимедиялық және онлайн сабақтары жастардың көп ақпарат алуына, оқытушының уақытты тиімді пайлануына мүмкіндіктер туғызды. Қашықтықтан білім беруде ғаламтор желісінің қызметін, ғаламтор желісіндегі білім беру бағытында көптеген сайттарды пайдалану, қашықтықтан ұйымдастырылған әртүрлі халықаралық байқаулар мен сайыстарға қатысу жастардың ой өрісін кеңейтіп, оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі. Бүгінге дейін біз 100% ғаламтор желісіне қосылуға қол жеткіздік. Компьютер техникасын барлық пәндерді оқыту кезінде қолдану арқылы уақытты үнемдеуге, көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға мүмкіндігіміз артты.

Адам капиталының сапалы өсуі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты екенін айқын. Сондықтан халықаралық талаптарға сай мамандар даярлауда оқу үдерісінің заманауи әдістері мен технологиясын енгізу арқылы білім беру сапасын да халықаралық дәрежеге жеткізу – бүгінгі күннің басты талабы. Осыған орай білім беру мекемелерінің материалдық

техникалық базаларын нығайту, заманауи құрал –жабдықтармен, ресурстармен қамтамасыз ету, білімге деген кәсіби көзқарастары мен сүйіспеншілігі жоғары қалыптасқан, жоғарғы талғамды ғылымға бейімделген жастарды тәрбиелеу, бағыт беру өзекті мәселе.

Қазақстандық білім мен ғылым экономика қажеттіліктеріне бағдарланған болуы тиіс. Осы орайда, ең маңызды мақсат біздің білікті білімімізді, ғылыми зерттеулерімізді әлемдік деңгейге жеткізу және ғылымның инновациялық үрдіске тікелей байланысын қамтамасыз ету. Өйткені білім мен ғылым – келешектің кепілі. Ғылым білімді өндірісе, сапалы білім алу жұмыс күші мен халықтың білімділік сапасын арттырады. Ғылымның қозғаушы күші – білім. Білім мен ғылым бірге болғанда ғана нәтижелі болмақ, яғни жастарға білім бере отырып, оларды ғылымға бейімдеу қажет екендігі айқын. Осыған байланысты еліміздің білім беру жүйесіне әлемдік стандарттар енгізілді. Оқытудың кәсіби бейімделген және модульдік қағидалары, пәнаралық және мәселеге бағытталған оқыту біліктілік құзыреттілік қағидасы нақтыланды. Оқу сапасын жақсарту мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланып жоғарғы деңгейде білім беру мәселелері қарастырылуда. Бұл мемлекетіміздің болашағы жастарымыздың әлемдік өркениет деңгейіне жетуінің дара жолы. Осы жолда қашықтықтан білім берудің маңызы жоғары деңгейде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген. Осы заң аясында бүгінгі ұстаздардың алдында жас ұрпаққа білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, озат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұр.

XXI ғасыр - білім ғасыры. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Сол себептен де білім сапасын арттыру, болашақ маман жас ұрпақтың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сәйкес білім беру, оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, өзінің білімі мен шығармашылық қабілетін үздіксіз дамыту арқылы жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді, ғылыми жаңалықтар мен әлемдік өркениет іс-тәжірибелерін білім беруде пайдаланып ұрпақтың, болашақ маманның жан-жақты дамуына

барлық мүмкіншіліктерін қарастыру білім саласындағы еңбек жолында жүрген әрбір оқытушының басты міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
- 2.Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Астана. 2004. 3-4б.
- 3.Қазақстан бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік
- 4.С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**Қуатбаев Нұрсерік**

Жамбыл облысы Қордай ауданы

Филология ғылымдарының кандидаты Айтжанова Сәуле

Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Алматы, Қазақстан

Түйіндеме

XXI ғасырда ой-өрісі жоғары, білімді, жан-жақты дамыған елжанды ұрпақ қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі, денсаулығы мен физиологиялық жетілуі мектеп тәрбиесімен тығыз байланысты. Осыған орай мектептегі ұлттық спорт ойындарға ерекше мән беру қажеттілігі туындауда. Ұлттық спорт ойындары этнографиялық әдет ғұрыппен бірге дамып, жетілген қазақ этнографиясының бір бағыты. Ұлттық спорт ойындары қоғамның, әлеуметтік экономикалық жағдайдың, тарихи кезеңдердің өзгеруіне байланысты дамып жетіліп отырған. Ұлттық спорттық ойындарды жетілдіру мен пайдаланудың негізгі мақсаты жас ұрпақтың дене тәрбиесін дұрыс жолға қоюға, спорттық шеберліктері мен мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Ата-бабамыздан мирас болып қалған ұлттық құндылықтармызды ұлықтап, ұлттық ойындарымызды әлемге таныту.

Кілт сөздер: Ұлттық ойындар, спорт, асық, бәйге, күрес, көкпар.**FEATURES OF THE KAZAKH NATIONAL SPORTS GAMES****Kuatbayev Nurserik**

Kordai District of Zhambyl region

Candidate of philological Sciences Aitzhanova Saule

Abylai Khan University of international relations and world languages Almaty, Kazakhstan

Abstract

In the XXI century, the formation of a highly educated, well-developed generation of the country is one of the most pressing problems of our time. Education and upbringing, health and physiological maturity of the younger generation are closely related to school education. In this regard, there is a need to pay special attention to national sports games at school. National sports games are one of the directions of Kazakh ethnography, which develops and matures together with ethnographic traditions. National sports games are developing in connection with changes in society, socio-economic situation, and historical periods. The main goal of improving and using national sports games is aimed at the correct formation of Physical Culture, improving sports skills and abilities of the younger generation. Popularization of national values inherited from our ancestors, popularization of National Games in the world.

Keywords: National Games, sports, asyk, Baiga, kures, kokpar.

Қазақ халқы ежелден өзіне тән: дәстүрі, салты, ділі, ұлттық ойындары, бай тілі бар ерекше шебер, өнерлі халық. Қазақ халқының ұлттық спорты өткен ғасырда ұмытыла бастаған еді. Қазіргі ел арасына кеңінен тараған ойындары: ат жарыстары, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, саяткерлік, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, жамбы атуды ұлттық спортқа жатқызылып, дамыту, әлемдік деңгейге көтеру тек еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде ғана мүмкін болды. Сондықтан ата-бабамыз ғасырдан ғасырға ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде қалдырған ұлттық құндылықтарымызды жандандыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Жалпы ұлттық ойындар бес түрге бөлінеді. Олар: аңға, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар.

1. Аңға байланысты ойындар: ақсерек-көксерек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

2. Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-қотан, көксиыр, соқыр-теке, түйе мен бота.

3. Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алакүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ

4. Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұқатартыс, бұрыш, жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес.

5. Соңғы кезде қалыптасқан ұлттық ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу т.б. Олардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады. Ал енді, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар.

Ұлттық ойындардың ең көп қолданатын спорт ойындарына асық ату, көкпар, теңге алу, бүркітші, қыз қуу, күрес, аударыспақ.

Асық ату - ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық ойындарының бірі.

Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді.

Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі ежелден келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді.

Көкпар – тек қазақтың ғана емес барша түркі халықтарына тән ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Дәстүрлі көкпар ойынының өмірге келуі - көшпелі халықтардың айналасын қоршаған жаудан өзін-өзі қорғап қалу қажеттігінен туындаған. Яғни, халық бейбіт күндерде азаматтарын әскери сайыстарға баулып отырған. Мысалы, көкпар ойынына шыңдалған жігіт соғыс кезінде дұшпан шебінде жараланып қалып қойған жауынгерді атпен шауып барып, көз ілеспес жылдамдықпен жерден көтеріп алдына өңгеріп алып, құтқарып қалуға дайын болады. Сондай-ақ, көкпаршы жаумен жекпе-жекке шыға қалса, жауды аттан жұлып түсіруге, жерге түсіп қалған қаруды (найза, қылыш) шауып келіп іліп алуға бейім келеді. Қазақтың ат үстіндегі ойындарының шығу тарихы жауынгерді батырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа үйретуді мақсат тұтқан.

Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт түрі.

Көшпенді бабаларымыздың таным-түсінігінде бүркіт - батылдың, батырлықтың, еркіндіктің, рух биіктігінің символы. Еліміздің туындағы бүркіттің бейнесі азаттықтың, тәуелсіздіктің, тектіліктің, қайраттылықтың айбыны ретінде бейнеленген. Қазақ халқы бүркітті киелі құс санаған. «Бүркіт бір сілкінсе мың пәле кетеді» деп есептейді және бүркіттің бір қауырсынын үзіп алып қасиетті зат санап биікке іліп қояды.

Тарихи деректерге қарағанда бүркітті қолға үйретіп, аңшылыққа пайдаланғанына 3 мың жыл болыпты. Италиян жихангері Марко Полоның естелігінде, Құбылай ханның саятшылыққа пайдаланған 500 бүркіті және басқа да құстарының болғандығы туралы жазылған. Шыңғысханның ұлы Жошының 3 мың бүркітшісі болғандығы туралы деректер бар. Орта Азия хандарының да бүркіт ұстап, құсбегілердің қызметін пайдаланғанды белгілі.

Аударыспақ - спортшыдан үлкен ептілікті, күштілікті, төзімділік пен батылдықты талап ететін қазақтың ұлттық спортының бір түрі. Бұл ойында екі салт атты бір-бірін аттан аударып алуға тырысады. Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстіндегі айқасты жақсы меңгерген, дайындығы бар спортшылар ғана қатынаса алады. Ал дайындығы жеткіліксіз, тәжірибесі аз спортшылар үшін бұл өте қиын.

Аударыспақ салмақтық категорияға бөлінеді. Аударыспаққа салмақтық категорияны енгізудің мақсаты — қатынасушыларға неғұрлым теңдік жағдай туғызу.

Жарыс ережеге сәйкес 60, 70, 80, 90, +90 кг салмақ дәрежесі бойынша өткізіледі. Аударыспақшыда қызыл және көк түсті белбеулері болуы қажет. Аударыспақ шеңберінің аумағы 15 метр. Белдесу уақыты 5 минут. Аударыспақшының ер тоқымында, жүгенінде, өмілдірік құйысқанында спортшыға зақым келтіретін үшкір заттар, темір әшекейлер, ер тоқымының алдыңғы, артқы қасында, үзеңгісінде дәнекерленген қосалқы бөлшектер болмауы тиіс.

Теңге ілу – Түркі халықтарына ортақ, ұлттық ат спортына жататын ертеден келе жатқан ойындарының бірі. Теңге ілуші жігіт құйғыта шауып келе жатқан аттың үстінен еңкейіп, баяуламастан жерде жатқан, шүберекке түйілген теңгелерді тез іліп алып, лақтырып отыруы шарт. Теңгені көп ілген ойыншы жеңімпаз атанады.

Теңге ілу ұлттық ойынының көп ғасырлық тарихы бар. Бұрынғы кезден бастап теңге ілу қазақ жауынгерлерінің күшін, шеберлігі мен батылдығын тәрбиелейтін жаттығудың маңызды элементі ретінде қарастырылатын. Біздің заманымызда теңге ілу ұлттық ойыны шеберлік пен жылдамдыққа, ең бастысы жылқыға, өз тарихына деген сүйіспеншілікті дамытатын ең әдемі және ең көрнекті ұлттық спорт түрлерінің бірі.

Қыз куу - қазақ халқының өте көне ойындарының бірі. Ол Қазақстан Республикасы халықтарының арасында кеңінен тараған қазақтың ұлттық ат ойыны тобына жатады. Қыз куу сонау ертеден келе жатқан спорт ойыны. Бұл жарыс өзінің түрі жағынан біздің заманымызға дейін қандай болса, қазірде сол күйінде қалды. Жарыс қыз куу спортының ережесіне сай өткізіледі. Спортшылардың бас киімінен аяқ киіміне дейін ұлттық үлгіде қыз куу спортына лайықты болуы тиіс. Қыз куудың аты ұшқыр, жүйрік, сұлу болуы шарт.

Қыз куу алаңының ұзындығы: 300 метр. Алаңға қыз бен жігіт шақыралады. Жігіт қыздан 10 метр кейін тұрып жарысқа қосылады. Жігіт қызды қуып жетсе, ережеге сай қыздың сол жақ иығындағы орамалды шығыршықтан суырып алуға тырысады. Ал қыз керісінше, қуғыншыдан қашып құтылып, сөреге бұрын жетуге әрекет жасайды. Жарысқа бекітілген ережеге сай спортшының қуып жеткен уақытын арақашықтыққа бөліп қорытындысы шығарылады.

Қазақша күресінің даму тарихы қазақ халқының ежелгі тарихымен тұтасып жатыр. Қазақша күрес түрлі бас қосулар мен мереке тойларда жиі қолданылады. Қазақша күрестен жеңіске жеткен тұлғалар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана емес әлемдік деңгейдегі спортшылардың арасында белгілі болды. 1938 жылы қазақ күресі ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен.

Бәйге ойыны - қазақ халқының ұлттық спорт ойындарының ең көп тараған ұлттық ойындарының бірі. Ұлттық спорт ойынының ерекшелігі ойын жрыс ретінде жазық жерлер мен ипподромдарда ғана өтіп қоймайды, спортшының өзі мен оның атына жоғары талап қойылатын ойлы-қырлы, жасанды, бөгесінді жерлерде де өткізіледі. Ұлттық спорт ойынын ойлы-қырлы жерлерде өткізу қазіргі заманғы ат спортының классикалық түріне жатады. Бәйге ойыны спортшының тактикалық шеберлігін жетілдіруде маңызы орасан зор. Жарыста мықты да жылдам спортшылардың бәрі бірдей жеңе бермейді, мұнда кімде-кім жарысты жаттығу жағынан дұрыс құрып, жағдайды дұрыс бағалап, жарыстың барысында атының күшін тиімді пайдаланса сол ғана жеңіске ие болады.

Ер жігіттің мергендік, ептілік қабілетін сыннан өткізетін, намысын айқындайтын ежелгі ойынының бірі – жамбы ату жарысы. Қазақтың ұлан-ғайыр жерін батыр аталарымыздың сақтап қалуына себеп болған астындағы желдей ескен сәйгүлігі мен сенімді қаруы болған садағы. Бұл екі мұра, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі еліміздің тәуелсіздік алған күніне де жетті. Ежелде жамбы атудың бірнеше түрлері болған. Солардың ішінде көп тараған түрі тай-тұяқ (көлемі тай тұяғындай) жамбыны ату. Мұнда, жамбы ату жарысы көлемі 300 метрге дейін келетін жазық алаңда өтеді. Мәреден 100 метр қашықтыққа орналасқан биіктігі 3-4 метр келетін бағанаға көлемі тайдың тұяғындай жамбы орналастырылады. Жамбыны мерген ат үстінде шауып келе жатып көздейді. Жамбы атудың басқа: айқабақ, мылтықпен ату түрлері, немесе қатар-қатар қойылған бірнеше нысананы ату түрінде де болған.

Сақ құлақ - ұлттық ойынында ойнаушылар арасы бір метрдей қаз-қатар түрегеліп тұрады немесе қатарласа отырады. Ойынды бастаушы естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып соңғы ойнаушы ойын бастаушыға сыбырлап өзіне жеткен сөзді айтады. Егер сөз дұрыс жеткен болса, ойын тағы да үш рет басқа сөздермен қайталанады. Егер сөз бұзылып жеткен болса, бастаушы соңғы ойнаушыдан бастап 1-ойыншыға қарай сыбырмен ғана тыңдап, сөзді бұзушы кім екендігін анықтайды. Сақ құлақ ұлттық ойыны жас өспірімдер мен жастардың зердесін дамытып, өнерге деген құштарлығын арттырады.

Арқан тарту ұлттық ойыны балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Бір топ ортадағы аққала қалай құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ аққаланы қайта жасайды. Ойын қайта басталады. Ойын ойынға қатынасушылардың күш-қуатын дамытуға, таза ауада дем алып, еңбектенуге үйретеді. «Жүйріктер жеңеді» - ұлттық ойынында ойынға қатынасушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады. Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады.

Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатынасушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды. Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын жастарды белгілі бір мақсатта коллективтік әрекет жасауға, шапшаңдыққа, тыныс мөлшерін ретті, қалыпты басқара білуге үйретеді.

«Жапалақтар мен қарлығаштар» - ұлттық ойыны кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар-үзіліс-лығаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай шешеді. Ұлттық спортымыздың ішіндегі шоқтығы биік, қалыптасып орныққан спорт түрі, бұл – тоғызқұмалақ. Бұл спорт түрі – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын, қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани, логикалық ойлау өнері. Тауқырайдан - ұлттық ойыны бойынша ойынға қатысушылар бірінің қолы бірінің басына жетерліктей мөлшерде дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушыдан басқасы жалаң бас болуы керек. Ойын бастаушы: «Тауқырайдан-тауқырайдан» - деп қайталап айта түседі де, өз басындағы тақияны оң жағындағы көршісінің басына кигізе қояды. Көрші де сол сөзді қайталап, оң жақ көршісіне кигізеді. Осылай жалғасып кете береді. Бір мезетте, ойын бастаушы көзін жұмып отырады да: «Тау-тау», - деп басын өзі қолымен баса қояды. Тақия кімнің басында қалса, соған айып салады. Ойын қатынасушыларды сергектікке баулиды.

Қазақтың ежелден келе жатқан ұлт ойындарының бірі - «Домалақ ағаш» ойыны. «Домалақ ағаш» ойынын қыста мұз үстінде, ал жазда тақыр алаңда ойнауға болады. Ойынға қатынасушылардың әрқайсысының басы қайқы қақпа таяғы мен ағаштан істелген домалақ шары болуы керек. Ойынға қатынасушылар ортадан шеңбер сызып, бір «қазан» қазады. Ойнаушылардың саны көп болса, шеңбер соғұрлым үлкен болады.

Шеңбердің бойымен қатарласа тұрып, арасы бір-бірі адымдай жерден, яғни әрқайсысы өзінің алдынан «қазан» қазып алады, домалақ ағашын соған алып қояды. Шеңбердің ортасында бір ойыншы бос «қазанды» күзетіп тұрады, яғни басқа шеңбер бойында тұрған ойыншылардың әрқайсысы өзінің шарын ортадағы бос «қазанға» түсіру; ал ортадағы бос «қазанды» қорып

тұрған ойыншы басқалардың домалақ ағаштарын өзі қорып тұрған «қазанға» түсірмеуге тырысады. Егер ортадағы «қазанға» домалақ ағашын кім түсіріп алса, сол адаммен орындарын ауыстырады. Ойын жалғаса береді. «Домалақ ағаш» ойыны балаларды сергектікке, жылдамдыққа баулиды. Судағы жасырынбақ - ұлттық ойынының ерекшелігі ойынға қатынасушылар суға түсерде резеңке қалпақ киеді. Онымен көздері де жабық болады. Қалпағы жоқ ойыншы ортаға шығады. Оның қолында қоңырауы болады. Қалпақ киген барлық жүзуші қоңырау соғып жүрген баланы іздейді. Қоңыраушыны ұстап алған бала қалпақты қоңыраушыға кигізеді де, қоңырауды өзі алады. Өзі қуып жүргендерге ұстатпауға тырысады. Ойынға 20-30 жүргізушінің қатынасуына болады. Ойын суда жүзе білуге, дыбысты айыра білуге, сезімталдыққа үйретеді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап Кеңес үкіметінің тұсында ұмыттырылған ұлттық ойындарымыз жаңарып қайта жаңғырта бастады. Ұлттық спорттың еркін дамып кең қанат жаюы «Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері Қауымдастығы» құрылуымен тығыз байланысты.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары еліміздің болашағын ойлаған озық ойлы, ұлтжанды азаматтар бас қосып, ұлтымызды әлемге танытудың маңызды жолдарының бірі спорт болса, соның ішінде біздің халық үшін ұлттық спортты өркендетіп, дамытып, биікке көтеру болып табылады деп шешті. Осыған орай Астана қаласына 2004 жылдың қазан айының 29 күні Заңды тұлғалар бірлестігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығын» құрылды. Қауымдастықтың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында Ұлттық спорт түрлерін жандандырып, әлемдік деңгейге насихаттау, таныту болатын. Бүгінгі күнде елімізде ұлттық спорт ойындары ерекше сипатқа ие болды. Осыған байланысты елімізде *«Ұлттық спортты дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасын»* қалыптастырып әрбір аймақта ұлттық спорт ойындарына байланысты клубтарды ашу керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сағындықов Е. С. / Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: «Рауан» баспасы, 1991 жыл .
2. Қазақ спортшылар елі энциклопедия, Атамұра, Алматы- 2008
3. "Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары", Атамұра, 2010
4. Қазақстан": Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998
5. Кенжеахметұлы С. К – 30 Қазақ халқының салт – дәстүрлері. – Алматы: «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2010.

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ТЕОРИЯСЫ

Иманғалиева Амангуль Екпінтаевна,
Солтанкулов Ақылбек Укасович,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері,
Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, №44 орта мектеп

Түйіндеме: Бұл баяндама Әл -Фараби еңбектерінің бүгінгі күнде де маңызын жоймаған құндылық екенін көрсетуге арналған. Баяндамада автор «Мәңгілік ел» идеясының негізгі теориясы Әл -Фараби идеяларынан бастау алатындығы туралы айтады. Баяндамада Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегіндегі рухани маңызы бар тұжырымдарға талдау жасалады. Автор Фараби еңбегі тақырыбы мен идеясын Елбасының «Мәңгілік ел» идеясымен байланыстыра отырып, Фараби шығармаларының мәнін жоймас өміршеңдігін танытады. Әл-Фарабидің қоғамдық-философиялық, жаратылыстану туралы ғылыми көзқарастары орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет, философиялық және ғылыми ой- пікірлердің даму нәтижесі болып табылады. Оның дүниетанымы екі әлемнің — көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі еді. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негізін салып берген түркілердің әйгілі ойшылы, философы Әбу Насыр әл-Фараби болды. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеясы — «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштасып жатыр. Әл-Фарабидің философиясын зерттеушілер оның бұл саладағы трактаттарын терең талдай келіп, Әл-Фарабидің философиялық мұрасында үш басты жайтты атап көрсетеді: дүниенің мәңгілігін тану, детерминизм — зерттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу, — ғылымның қайнар көзі; адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған ақыл туралы ілім. Бұл үш принцип әл-Фарабидің философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады.

Кілт сөздер: Әл-Фараби, «Мәңгілік ел» идеясы, «Қайырымды қала тұрғындары», философиялық мұра, тәуелсіздік, мәні, ақыл туралы ілім.

«THEORY OF» MANGILIK EL «IN THE WORKS OF AL-FARABI»**Imangalieva Amangul Ekpintayevna****Soltankulov Akylbek Okasovich**

Teacher of the Kazakh language and literature

№44 secondary school Ili district, Almaty region,

Teacher of the Kazakh language and literature, Kazakhstan republic

Abstract: This report is intended to show that works of al-Farabi are still relevant today. In the report, the author says that the basic theory of the idea of "Mangilik El" begins with the ideas of Al-Farabi. The report analyzes the spiritual significance of Farabi's work, The Views of the Good Citizens. The author connects the theme and idea of Farabi's work with the idea of the President "Mangilik El" and shows the indelible vitality of Farabi's works. Al-Farabi's socio-philosophical and scientific views on natural sciences are the result of the development of cultural, philosophical and scientific thought in the Middle Ages in the Middle East. His worldview was the result of the interaction of two worlds - nomadic and sedentary civilizations and Eastern and Greco-Roman culture. Abu Nasir al-Farabi, a famous Turkic thinker and philosopher, laid the theoretical and philosophical foundation of the ancient Turkic idea of "Mangilik El". The national idea of independent Kazakhstan is combined with the idea of "Mangilik El". disclosure of nature, - the source of science; the doctrine of the mind that denies the immortality of the human soul. These three principles are the culmination and features of al-Farabi's philosophy.

254

Keywords: Al-Farabi, the idea of "Mangilik El", "Residents of the Good City", philosophical heritage, independence, meaning, the knowledge about the intelligence.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Халқына Жолдауында айтылған «Мәңгілік ел» ұғымы халықтың саяси сана -сезімі мен азаматтық мүдделерінің нығаюына түрткі болды. Елбасы Жолдауда «Мәңгілік ел болу – өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылып, ұдайы алға ұмтылуымыз керек» - дейді. Жолдауда айтылған «Мәңгілік ел» туралы идеясы түркі жұртына ортақ ғұлама Әл-Фараби еңбектерінен бастау алады. Ұлы ғұлама педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия салаларын терең зерттеп, мыңдаған жыл бұрын әлемдік мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан еді. Әл-Фарабидің парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист екені дүние жүзіне мәлім. Ғалым бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған [2, 15-6.].

Мәңгілік ел болу - әрбір ұлттың ұлттық идеясы. Ол идея - халықтың тәуелсіздікке, бірлікке, бейбітшілікке деген құштарлығынан басталады. Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегі - қоғамдағы қордаланған келелі мәселелерді жан- жақты қозғап, грек ойшылдарының «мінсіз мемлекет» құру туралы ойларын дамытатын маңызы зор еңбек. Сан ғасыр бойы рухани құндылығын жоғалтпаған аталмыш еңбек ХХІ ғасырдың табалдырығын аттасақ та , алдымыздан айналып шығып отыр. Себебі, қоғам үшін, қоғамның қарыштап дамуы үшін жазылған, құндылығы жоғары еңбек ешқашан ескірмек емес. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» трактаты өрісі кең, өресі биік еңбектер санатына жатады.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» – Әл-Фарабидің негізгі еңбектерінің бірі. Ол 948 жылы Мысырда жазылды. 942 жылғы мәтіннің бірінші үлгісі «Китаб ас-сийаса ал-маданиййа» жеке шығарма ретінде танымал болды. Қоғамдағы әлеуметтік -тұрмыстық жағдаяттарды жіктеп, таразыдан өткізіп , елдің ынтымақты тірлік кешуі негіздемесін жасап берген Әл-Фараби шығармасы грек ойшылдары Платон және Аристотельдің мінсіз мемлекет және мемлекет түрлері туралы ілімінен тарайды. Грек ойшылы Платон өзінің «Мемлекет» деген еңбегінде мінсіз қаланың құрылымы туралы айтады. [1] Платонның бұл шығармасында елдің бақуатты, бейбітшілікте өмір сүруінің негіздемелері туралы айтылған.

Әл-Фараби еңбектерінен біз «Мәңгілік ел» теориясының философиялық негізгі ережелерін тани аламыз. Ғалым «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде адам танымынан бастау алып, оның қызметімен, ісімен, рухани өмірімен жалғасатын құндылықтарды, білім түрлерін кеңінен талдаған. Шығарманың атауының өзі адамға ой саларлықтай ерекше ойластырылған. [5] Автор көзқарасы туралы айтып отырған тұрғындар «қайырымды» қалада тұрады. Автор өз ойын жеткізуде «Қайырымды» деген сөз қолданысын тектен -текке қолданып отырмаған сияқты. Қандай адамды қайырымды деп айтамыз? Адамгершілігі жоғары, мейірімді, ешкімнен көмегін аямайтын, бірлікті, ынтымақты сүйетін адамды «қайырымды» дейміз. Демек, ғалым сөз етіп отырған қаланың тұрғындары - қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сүйетін, ынтымақты қалайтын адамдар. Бұл қаланың тұрғындары қоғамдағы тұрқтылықты, парасаттылықты жан -тәнімен сүйетін адамдар. Ойшылдың пікірінше, қоғамның тұрақтылығы, күштілігі имандылықтан, адамзаттың дұрыс танымынан бастау алмақ. Ойшыл өз еңбегінде қала тұрғындарының лайықты өмір сүруіне себепші – жоғарғы билік екенін айтады. [2] Осы трактаттан ойшылдың «Әр бір адам басқа адамның өмір сүруіне қол ұшын беретін, адамдарды біріктіру арқылы өз табиғатына сай келетін дәрежеге ие болатын» қоғам түрін тани білгені көрінеді.

Ойшыл ұжымдасып әрекет ету арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын қоғамды орнату үшін елді білімді, сабырлы, ақылды адами қасиеттерді бағалауға қабілетті адамдар басқарғаны жөн деп ой түйеді. Ұлы ғұлама Әл-Фарабидің осыдан мың жылдай бұрын айтқандары бүгінгі күнде қоғамымыздың қалыптасуында басшылыққа алар басты қағидадай қызмет атқаруда. Елбасымыз атап өткендей, «Мәңгілік ел» деңгейіне жетудің белгісі болып табылатын негізгі белгілердің бірі – қоғамдағы өзара ауызбіршілік пен келісім, бейбітшілік. Бір қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың қарым -қатынасының дұрыс болуы, бастысы- бір -біріне қайырымдылық көрсетіп, көмек беру, достық, бейбітшілік сияқты құндылықтарды қастерлеу жайында ғұлама анық толғам жасайды. Адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік , тәлім мен тәрбие - әл -Фарабидің әлеуметтік саяси теориясының «Мәңгілік ел» идеясына нұсқайтын ажырамас бөлігі боп саналады.[4] Бұл еңбегінде Әл -Фараби мемлекет пен қоғамның кемелденуі үшін қажеттіліктерді талдап көрсеткен.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» жайындағы трактатында ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Адамның табиғатынан көмекті қажетсінетіні - табиғи шарттылық. Қоғамдасып өмір сүруге адамзаттың ықыласты екендігі туралы айтады. Себебі, әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қоғамның болуы маңызды. Адамдар қоғамда бір-біріне көмек көрсету арқылы ғана кемелділікке жетіп, тыныштығын сақтайды және үйлесімді өмір сүреді. Бірақ қоғамның толыққанды нығаюы мен дамуы үшін қоғамда адамдар арасындағы ауызбірлік пен ынтымақтастық болғаны маңызды. Әл -Фараби толық мәнді қоғамды үшке бөледі: ұлы, орташа, шағын және оларды барша адамзат баласының қоғамдарының тұтас жиынтығы деп атап көрсетеді. Ізгілікті мансұқ еткен тұрғындары бар қала ғана игілік пен кемелділік дәрежесіне көтеріле алады. Әл-Фараби: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік тұжырым жасайды. Ойшылдың: «Қала болмысы – адамның кемелденген денесі мен оның мүшелері секілді. Дене мүшелері тіршілік ету мақсатында бір-біріне көмектесіп отырады және өздерінің қабілеттері мен жаратылыстарына қарай бөлінеді. Дәл сол секілді қала бірлестіктері де қабілеттеріне байланысты бөлінеді» - деген дәлелді пікірімен келіспеске болмайды.[2]

Данышпан ізгілікті қоғамды қалай билеу керектігі туралы, әділ билік етудің әдістері, қала билеушісінің қабілеті, белгісі, негізгі шарттары жайлы да талдау жасайды. Қала басшысы, қала бірлестігінің мүшелері болу үшін тек табиғи қасиеттер емес, олардың өнері ескеріледі. Ал қала бірлестігінің басшысы өзгелерден бойындағы жақсы қасиеттерімен жоғары тұрады. Жақсы қасиеттері мен өнері арқасында оның мәртебесі биік болады. Қала басшысы қаланы тәртіпке келтіруші, жол сілтеуші. Оның қызметін әл-Фараби адам тәніндегі жүрекпен теңестіреді. Қаланың әрбір мүшесі өз қызметтеріне сәйкес қала басшысының мақсаттарын жүзеге асыруға көмек беруі тиіс. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясында айтылатын зайырлы қоғам мен жоғары руханият, қауіпсіздік мәселелері міне осылай, Фараби еңбектерінде айқын көрініс береді. Басшы қала тұрғындарын бақытқа апаратын ең дұрыс жолға сілтеп, оған жеткізетін әрекетке талпындыруы тиіс. «Қаланың басшысы болу үшін адамның бойында он екі қасиеттің табылуы шарт» – дейді Фараби. Бірақ жаратылысынан бойында мұндай қабілеттер мен қасиеттер бір адамның бойында табылуы өте қиын жағдай. [7]

Данышпанның пайымдауынша, игі қасиеттердің алтауы, тым болмаса бесеуі оның бойына біткен болса, ол адам қаланың басшысы бола алады. Әл-Фараби қайырымды қалаға кереғар надан қалалар туралы да және олардың бірнеше түрі бар екендігі туралы да тоқталып өтеді. Қайырымды қала тұрғындарының бақытқа жету жолы мен қайырымсыз қалада неліктен бақытсыздық орнайтындығы туралы да атап өтеді.

«Мәңгілік ел» белгісі болып саналатын - жалпыға ортақ еңбек қоғамы туралы ұғым да осы арада қылаң береді. Қайырымды қала тұрғындарының білімі мен қызметтері жалпыға ортақ және осы ортақ әрекеттер жасау арқылы адамның өзі де бақытқа жетеді. Заманында білім мен ғылым бола тұрып оны дұрыс иелене алмасаң, халыққа, мемлекетіңе білімің мен ғылымың арқылы көмектесе алмасаң ілгерілеу болмайды. Әлеуметтік ортадағы даму, адам болмысының өрісіндегі рухани дамудан басталады. Рухани дамудың негізінде дұрыс таным, тарих, отан, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік тұр. [3]

Данышпанның «Мемлекет билеушісінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» туралы шығармалары қоғамдағы бірлік пен бейбітшілік, келісім, зайырлы қоғам құру мен жоғары руханиятқа жету туралы айтылған десек те болады.

Әлемдік ғылым мен мәдениеттің алтын қорында есімі ардақты ұлы ойшылдың қазақ халқының болашағына бағдар сілтейтін «Мәңгілік ел» теориясының негізін салған еңбегі туралы аз - кем талдау жасадық. Ұлы ғұлама өз еңбектерінде ұстаздық тұрғыдан толғам жасайды, мәңгілік мемлекет болудың негізі дұрыс тәлім-тәрбиелік мақсатпен ұйысатынын

жазады. Фарабидің «Кемеңгерлік меруертi», «Iзгi қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердiң түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты көптеген трактаттары бар. Бұл еңбектерiнде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой-пiкiрлер айтады. Орта ғасырлардың өзiнде де Әбу-Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөнiндегi батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылымен, бiлiмiмен, адамгершiлiгiмен байланыстырған. Әбу Насыр Әл-Фараби шығармаларындағы iзгiлiк мәселесi бұл күнде де құндылығын жоғалтқан жоқ. Қазақ елiн болшақта өркениеттi, дамыған, «Мәңгiлiк ел» болу жолына түскен елдер қатарына қосылуға бағыт көрсететiн, елдiң бiрлiгi мен ынтымағының маңыздылығын насихаттайтын бабамыздың еңбегi – бiз үшін баға жетпес мұра.

Пайдаланған әдебиет:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедия 1 том А-Ә, 20-22 бет.
2. Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
3. Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала» - Алматы, Халықаралық Абай клубы, 2015.
4. [https:// sites.google.com](https://sites.google.com): Әл-Фараби еңбектерiндегi халықтық педагогика мәселелерi.
5. [https:// akikat.kazgazeta.kz](https://akikat.kazgazeta.kz), bankreferatov.kz: Ж.Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы бiлiм, тәрбие және адамгершiлiк мәселелерi.
6. [https:// melimde.com](https://melimde.com)
7. [https:// baribar.kz](https://baribar.kz): Әл-Фарабидiң еңбектерiндегi тәлiм-тәрбиелiк идеялары.

A MOLECULAR DOCKING STUDY: INTERACTIONS of *N*-HETEROCYCLIC CARBENE TYPE MOLECULES WITH THIOREDOXIN REDUCTASE**Doç. Dr. Neslihan ŞAHİN**²Cumhuriyet University, Faculty of Education, Department of Basic Education**ORCID:** 0000-0003-1498-4170**Doç. Dr. Elvan ÜSTÜN**

Ordu University, Faculty of Science and Arts, Chemistry Department, Cumhuriyet Campus.

ORCID: 0000-0002-0587-7261**ABSTRACT**

Significant activities of *N*-Heterocyclic Carbene (NHC) molecules, such as anti-cancer, anti-fungal, and anti-viral as well as catalytic activities, still attract the attention of the scientific world. Some imidazole, triazole, and benzimidazole type NHC molecules are still used as drugs at present time. In recent years, significant developments in the field of theoretical chemistry have made both DFT/TDDFT-based calculations and molecular docking analysis essential tools in computer-aided drug design research. These methods both give valuable foresight about the activities of candidate molecules and save time, money, and labor. In addition, with these methods, it is possible to perform analysis that is difficult to perform with known experimental procedures. Thioredoxin is a redox protein known to be present in all organisms and Thioredoxin Reductase (TrxR) is the enzyme that reduces thioredoxin. The expression of TrxR increases in many cancers such as breast, thyroid, and colorectal. Therefore, it is thought that TrxR inhibition is important in fighting against cancer. However, these inhibition processes are very difficult to trace by experimental procedures. Considerable information about TrxR-ligand interactions can be obtained from molecular docking methods. In this study, the previously characterized 1-(allyl)-3-(4-isopropylbenzyl)benzimidazoliumchloride and 1-(allyl)-3-(4-tert-butylbenzyl)benzimidazoliumbromide were optimized and their interactions with TRX were investigated by molecular docking methods.

Keywords: *N*-Heterocyclic Carbenes, Molecular Docking, Thioredoxin Reductase**ÖZET**

N-Heterosiklik Karben (NHC) moleküllerinin katalitik aktivitelerinin yanı sıra anti-kanser, anti-fungal ve anti-viral gibi pek çok özellikleri halen bilim dünyasının ilgisini çekmektedir. Bazı imidazole, triazol ve benzimidazol tipi NHC türlerinin günümüzde ilaç olarak halen

kullanılmaktadır. Benzimidazol temel yapısının türevlendirilmesi ile elde edilen moleküllerin anti-kanser aktivitesi üzerine çalışmalar ayrıca dikkat çekicidir. Son yıllarda, teorik kimya alanında yaşanan önemli gelişmeler hem DFT/TDDFT temelli hesaplamaları hem de moleküler doking analizlerini bilgisayar destekli ilaç tasarım araştırmalarında önemli bir araç haline getirmiştir. Bu yöntemler hem aday moleküllerin aktivite özellikleri ile ilgili kıymetli öngörüler oluşturmakta hem de zaman, bütçe ve işgücü tasarrufu sağlamaktadır. Ayrıca, bilinen deneysel prosedürlerle gerçekleştirmenin oldukça zor olduğu analizleri bu yöntemlerle gerçekleştirmek mümkündür. Tiyoredoksin bütün organizmalarda varlığı bilinen bir redoks proteinidir ve Tiyoredoksin Redüktaz (TrxR) ise tiyoredoksini indirgeyen enzimdir. TrxR meme, tiroit ve kolorektal gibi pek çok kanserde salınımının arttığı kaydedilmiştir. Bu nedenle TrxR inhibisyonunun kanserle mücadelede önemli olduğu düşünülmektedir. Fakat bu inhibisyon süreçlerinin deneysel prosedürlerle incelenmesi çok zordur. Moleküler doking yöntemleri ile TrxR-ligand etkileşimleri üzerine önemli bilgiler elde edilebilir. Bu çalışmada daha önce karakterize edilmiş 1-(allil)-3-(4-izopropilbenzil)benzimidazolyumklorür ve 1-(allil)-3-(4-ter-bütilbenzil)benzimidazolyumbromür moleküllerinin optimizasyonu yapılarak TrxR ile etkileşimleri moleküler doking yöntemleri ile incelenmiştir.

Anahtar Kelimeler: N-Heterosiklik Karbenler, Moleküler Doking, Tiyoredoksin Redüktaz

260

1. INTRODUCTION

N-heterocyclic carbenes (NHCs) are one of the most studied molecule families due to their catalyst and bioactivity properties (Hopkinson, Richter, et al., 2014). Since the synthesis and isolation of the first NHC by Arduengo in 1991, NHCs have attracted the attention of scientists. Heterocyclic azoles such as imidazoles, triazoles, and especially benzimidazoles have considerable biological activities (Mohamed, Shephard, William, et al., 2020). The benzimidazole scaffold is a useful structure for the development of new biological and pharmaceutical active molecules. Antihistaminic, anticancer, antifungal, antiviral, antihypertensive and antiulcer effects of several substituted benzimidazole derivatives were published (Seliman, Altaf, Onawole et al., 2017; Luengo, Fernández-Moreira, Marzo, Gimeno, 2018; Asekunowo, Haque, Razali, 2017). Drugs such as omeprazole used as a proton pump inhibitor, pimobendan used as an inodilator, and mebendazole used as an anthelmintic show the importance of the benzimidazole scaffold.

Many intracellular processes such as diseases, oxygen metabolism, and inflammation cause

the formation of reactive oxygen species (ROS) and free radicals in metabolically active cells (Apel, Hirt, 2004; Arnear, Holmgren, 2000). While free radicals produce hydrogen peroxide with the presence of O_2 , ROS triggers the oxidative degradation of proteins, DNA, and lipids. Although the body has many mechanisms that fight against ROS and free radicals, these mechanisms may not be sufficient. When the amount of ROS in the tissue is greater than the amount of intracellular antioxidants, oxidative stress occurs. When the cell sense oxidative stress, the processes such as reducing ROS production, increasing metabolic antioxidant capacity, and activating the necessary signal pathways of protection of biomolecules started to work. One of these mechanisms is the use of redox-sensitive factors. NADPH activates thioredoxin peroxidase and thioredoxin reductase against oxidative stress. Thioredoxin reductase is effective in many processes included induce of cell growth, oxidative stress, and apoptosis. Moreover, thioredoxin reductase is effective in many types of cancer such as thyroid, breast, and prostate. In addition, the amount of thioredoxin reductase increases in regions of colorectal tumors compared to normal cells (Rubbiani, Kitanovic, Alborzinia, et al. 2010; Garcia, Machado, Grazul, et al. 2016; Nordberg, Arnér, 2001). Therefore, it can be thought that the inhibition agents of thioredoxin reductase could be effective against cancer.

The recent developments about theoretical chemistry are remarkable. It is possible to obtain information about many properties of molecules since the high compatibility of the calculated results with experimental results. This method also saves money, materials, and labor. Valuable information on structural properties can be obtained by optimization of the molecules, as well the energy states and orbital structures of molecules by TDDFT-based calculations. In addition, it is possible to have foresight about the reactivity properties of molecules with the criteria calculated by using the frontier orbital energies of the molecules.

Molecular docking processes are considered as an essential tool in computer-aided drug design studies. In molecular docking research, interactions of ligand molecules with target molecules determined for specific purposes are evaluated (Hosseini, Amanlou, 2020; Radwan, Alshubramy, Abdel-Motaal, et al. 2020). The magnitude and the residues of these interactions give an idea about the activity of the agent on the target molecule.




Figure 1. Alkyl substituted *N*-heterocyclic carbenes

In this study, previously characterized 1-(allyl)-3-(4-isopropylbenzyl)benzimidazoliumchloride and 1-(allyl)-3-(4-tert-butylbenzyl)benzimidazoliumbromide have been optimized by DFT-based methods. HOMO and LUMO energy values of optimized molecules were used for the calculation of the global reactivity descriptor and these descriptors were compared with experimental results. In addition, the interactions of molecules with thioredoxin reductase target molecule were analyzed by molecular docking methods.

2. CALCULATION METHOD

DFT calculations were carried out with ORCA version 2.8 using the BP86 functional with the resolution-of-the-identity (RI) approximation, a def2-TZVP/ def2-TZVP/J basis set, the tightscf and grid4 options (Neese, 2006; Neese, 2009). Molecular docking was performed using AutoDock 4.2. with the crystal structure of thioredoxin reductase from RCSB protein data bank (PDB code: 4CBQ) (<https://www.rcsb.org/>). Water in the proteins was removed and polar hydrogen atoms and Kollman charges were evaluated for target molecules in the docking process. Gasteiger charges, randomized starting positions, optimizations, and torsions have been evaluated for ligand molecules. The genetic algorithm population was used as 150 while applying Lamarkian genetic algorithms (İslam, Pillay, 2020; Sivakumar, Haixiao, Naman, Sajeevan, 2020)

3. RESULT and DISCUSSION

Considerable information about the structural properties of the molecules can be handled with DFT-based calculation methods. Reactivity and the active sites of the molecules are connected with the energy and the location of HOMO (High Occupied Molecular Orbital) and

LUMO (Low Unoccupied Molecular Orbital). While the LUMO of the molecules is located on the benzimidazole region, the HOMO of **1** and **2** are located on benzyl regions. This means that the molecules realize electron-donating through benzimidazole, accepting through benzyl (Figure 2).




Figure 2. Graphical illustrations and the energies of HOMO and LUMO orbitals of the molecules

HOMO and LUMO orbitals could be used for the prediction of the molecules according to the Koopman Theory. Global reactivity descriptors included well-known quantities such as ionization potential, electron affinity and electronegativity are criteria used to examine the reactivity of molecules. In addition, chemical hardness, and softness, and electrophilicity index are developed as new criteria. Electron affinity, ionization potential, chemical softness, and electronegativity of **1** are higher than **2**. The chemical hardness and softness values of both molecules are represented in Table 1 and it could be recorded that **1** is softer. On the other hand, **1** has a higher electrophilicity index. It is concluded that **1** is more active than **2** with the global reactivity descriptors.

Molecular docking which is considered an essential tool in computer-aided drug design studies has been recently used in pharmaceutical chemistry research. The interactions between target macromolecular structures and small molecules analyze with this method which provides valuable foresight. In this study, molecular docking results were compared with the in-vitro cytotoxicity results to have information about the anti-cancer activities. TrxR, which is the enzyme for reducing thioredoxin were investigated (Figure 3).

Table 1. The calculated quantum chemical parameters* for the lower energy conformers each of **1** and **2** (in eV)

	<i>IP</i>	<i>EA</i>	χ	η	δ	ω
1	9.394	5.537	7.465	1.928	0.259	14.433
2	9.375	5.520	7.447	1.927	0.260	14.419

*IP: Ionization Potential ($-E_{\text{HOMO}}$); EA: Electron Affinity ($-E_{\text{LUMO}}$); χ : Electronegativity; η : Chemical Softness; δ : Chemical Hardness; ω : Electrophilicity Index




Figure 3. The best molecular docking pose of **1** and **2** with Thioredoxin Reductase crystal structure.

The molecules interacted with nearly the same residue of TrxR included Ala38, Thr117, Val41, Ile10, Gly11, Pro14, Asp284. The binding energy of **1** was calculated -8.28 kcal/mol while that of **2** was calculated -8.57 kcal/mol. Hydrogen Bonds with Ala38, Thr117, and Asn251 and pi-alkyl interactions with Ala38 contributed to the binding energy of **1**. Also, lots of van der Waals interactions with many different amino acids also recorded for **1**. **2** realized

pi-sigma interactions with Ala38 and Thr117, only amide-pi stacked interaction with Thr117 and pi-alkyl interactions with Ala15, Ala38, Ala116, and Phe254. Two effective H-bond between **2** and Ser12 and Ala116 of TrxR were also recorded in addition to lots of van der Waals interactions (Table 2).

Table 2. Analysis of the docking of **1** and **2** in the active site of Thioredoxin Reductase.

Compound	Bind. Aff.*	Amino Acids Residue
1	-8.28	Ala38, Thr117, Asn251, Ile10, Gly11, Ser12, Gly13, Pro14, Ala15, Tyr33, Glu34, Gly35, Val41, Gly45, Gln46, Thr87, Ile88, Ala116, Gly118, Ala119, Phe254, Asp284
2	-8.57	Ser12, Ala116, Ala38, Thr117, Ala15, Val41, Phe254, Ile10, Gly11, Pro14, Ala16, Gly39, Gly45, Gln46, Thr87, Ile88, Gly118, Ala119, Asn251, Cys282, Gly283, Asp284, Ala296

265

* Binding Affinity in kcal/mol.

The molecules were previously evaluated for cytotoxic activity against MCF-7 and MDA-MB-231 breast cancer and DU-145 prostate cancer cells, and higher activity for all kinds of cells in 48-hours studies was detected for **2**. **2** has stronger interactions and therefore will inhibit TrxR more effectively, although no major difference was noted with respect to molecular docking results. As concluded, the binding affinity acquired from molecular docking results is compatible with the experimental results.

REFERENCES


- Apel, K., & Hirt, H. (2004) REACTIVE OXYGEN SPECIES: Metabolism, Oxidative Stress, and Signal Transduction, Annual Review of Plant Biology, 55, 373-399.
- Arnear, E. S. J., & Holmgren, A. (2000) Physiological functions of thioredoxin and thioredoxin reductase, Eur. J. Biochem., 267, 6102-6109.
- Asekunowo, P. O., Haque, R. A., & Razali, M. R. (2017) A comparative insight into the bioactivity of mono- and binuclear silver(I)-N-heterocyclic carbene complexes: synthesis, lipophilicity and substituent effect, Rev Inorg Chem., 37(1), 29–50.

- Garcia, A., Machado, R. C., Grazul, R. M., Lopes, M. T. P., Corrêa, C. C., Dos Santos, H. F., de Almeida, M. V., & Silva, H. (2016) Novel antitumor adamantane–azole gold(I) complexes as potential inhibitors of thioredoxin reductase, *J Biol Inorg Chem.*, 21, 275–292
- Hopkinson, M. N., Richter, C., Schedler M., & Glorius F. (2014) An overview of *N*-heterocyclic carbenes, *Nature*, 510, 485–496.
- Hosseini, F. S., & Amanlou, M. (2020) Anti-HCV and anti-malaria agent, potential candidates to repurpose for coronavirus infection: Virtual screening, molecular docking, and molecular dynamics simulation study, *Life sciences*, 258, 118205.
- Islam, M. A., & Pillay, T. S. (2020) Identification of promising anti-DNA gyrase antibacterial compounds using de novo design, molecular docking and molecular dynamics studies, *Journal of Biomolecular Structure and Dynamics*, 38(6), 1798-1809.
- Luengo, A., Fernández-Moreira, V., Marzo, I., & Gimeno, M. C. (2018) Bioactive Heterobimetallic Re(I)/Au(I) Complexes Containing Bidentate *N*-Heterocyclic Carbenes, *Organometallics*, 37(21), 3993–4001
- Mohamed, H. A., Shepherd, S., William, N., Blundell, H. A., Das, M., Pask, C. M., Lake, B. R. M., Phillips, R. M., Nelson, A., & Willans, C. E. (2020) Silver(I) *N*-Heterocyclic Carbene Complexes Derived from Clotrimazole: Antiproliferative Activity and Interaction with an Artificial Membrane-Based Biosensor, *Organometallics*, 39(8), 1318–1331.
- Neese, F. (2006) A critical evaluation of DFT, including time-dependent DFT, applied to bioinorganic chemistry, *JBIC Journal of Biological Inorganic Chemistry*, 11(6), 702-711.
- Neese, F. (2009) Prediction of molecular properties and molecular spectroscopy with density functional theory: From fundamental theory to exchange-coupling, *Coordination Chemistry Reviews*, 253(5-6), 526-563.
- Nordberg, J., & Arnér, E. S. J. (2001) Reactive oxygen species, antioxidants, and the mammalian thioredoxin system, *Free Radical Biology and Medicine*, 31(11), 1287-1312
- Radwan, M. A., Alshubramy, M. A., Abdel-Motaal, M., Hemdan, B. A., & El-Kady, D. S. (2020) Synthesis, molecular docking and antimicrobial activity of new fused pyrimidine and pyridine derivatives, *Bioorganic Chemistry*, 96, 103516.
- Rubbiani, R., Kitanovic, I., Alborzinia, H., Can, S., Kitanovic, A., Onambele, L. A., Stefanopoulou, M., Geldmacher, Y., Sheldrick, W. S., Wolber, G., Prokop, A., Wölfl, S. & Ott, I. (2010) Benzimidazol-2-ylidene Gold(I) Complexes Are Thioredoxin Reductase Inhibitors with Multiple Antitumor Properties, *J. Med. Chem.*, 53, 8608–8618
- Seliman, A. A. A., Altaf, M., Onawole, A. T., Ahmad, S., Ahmed, M. Y., Al-Saadi, A. A., Altuwaijri, S., Bhatia, G., Singh, J., & Isab, A. A. (2017) Synthesis, X-ray structures and

anticancer activity of gold(I)-carbene complexes with selenones as co-ligands and their molecular docking studies with thioredoxin reductase, *Journal of Organometallic Chemistry*, 848, 175-183

Sivakumar, K. C., Haixiao, J., Naman, C. B., & Sajeevan, T. P. (2020) Prospects of multitarget drug designing strategies by linking molecular docking and molecular dynamics to explore the protein–ligand recognition process, *Drug Development Research*, 81(6), 685-699.

Şahin, N., Bölükbaşı, S. Ş., Tahir, M. N., Arıcı, C., Çevik, E., Gürbüz, N., Özdemir, İ. & Cummings, B. S. (2019) Synthesis, characterization and anticancer activity of allyl substituted *N*-Heterocyclic carbene silver(I) complexes, *Journal of Molecular Structure*, 1179, 92-99.



Issued: 24.03.2021

ISBN: 978-625-7636-11-7

